

**«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы»  
бірлескен кәсіпорны» ЖШС**  
2022 жылғы 31 желтоқсанда  
аяқталған жыл үшін  
қаржылық есептілік

## Мазмұны

|                                                         |       |
|---------------------------------------------------------|-------|
| Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі                 |       |
| Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп | 6     |
| Қаржылық жағдай туралы есеп                             | 7     |
| Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп             | 8     |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп                  | 9-10  |
| Қаржылық есептілікке ескертпелер                        | 11-48 |



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,  
пр. Достык, 180,  
E-mail: company@kpmg.kz

## **Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі**

«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС қатысушылары мен басшылығына

### ***Пікір***

Біз 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

### ***Пікір білдіруге негіздеме***

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «*Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі*» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

### ***Қаржылық есептілік үшін Компания басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі***

Басшылық ҚЕХС стандарттарына сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

### **Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;



**«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» Бірлескен кәсіпорны» ЖШС**  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
3 бет

— қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:

  


Жунусова А.Т.  
Қазақстан Республикасының  
сертификатталған аудитори  
2016 жылдың 15 тамызында берілген  
№ МФ-0000371 аудитордың біліктілік куәлігі

#### **«КПМГ Аудит» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін  
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензия №00000021

  


Дементьев С. А.  
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде  
әрекет ететін Бас директоры

2023 жылдың 31 қаңтары

**«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС**  
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал және басқа  
жиынтық табыс туралы есеп

| мың теңге                              | Ескерт-<br>пе | 2022 ж.            | 2021 ж.           |
|----------------------------------------|---------------|--------------------|-------------------|
| Түсім                                  | 5             | 131,038,639        | 91,587,191        |
| Өткізудің өзіндік құны                 | 6             | (28,454,048)       | (23,029,651)      |
| <b>Жалпы пайда</b>                     |               | <b>102,584,591</b> | <b>68,557,540</b> |
| Өткізу бойынша шығыстар                | 7             | (676,590)          | (563,668)         |
| Әкімшілік шығыстар                     | 8             | (1,016,535)        | (851,755)         |
| Өзге де шығыстар, нетто                |               | (1,015,582)        | (463,795)         |
| <b>Операциялық қызмет нәтижелері</b>   |               | <b>99,875,884</b>  | <b>66,678,322</b> |
| Қаржылық кірістер                      | 10            | 670,243            | 398,533           |
| Қаржылық шығындар                      | 10            | (2,725,692)        | (1,390,089)       |
| <b>Таза қаржылық шығындар</b>          |               | <b>(2,055,449)</b> | <b>(991,556)</b>  |
| <b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>  |               | <b>97,820,435</b>  | <b>65,686,766</b> |
| Табыс салығы бойынша шығыс             | 11            | (21,706,005)       | (13,210,187)      |
| <b>Бір жылдағы пайда</b>               |               | <b>76,114,430</b>  | <b>52,476,579</b> |
| <b>Бір жылдағы жалпы жиынтық табыс</b> |               | <b>76,114,430</b>  | <b>52,476,579</b> |

Бұл қаржылық есептілікті басшылық 2023 жылғы 31 қаңтарда бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойғандар:

\_\_\_\_\_  
Пыльной А.В.  
Бас директордың м.а.

\_\_\_\_\_  
Чурина Е.С.  
Бас директордың экономика  
және қаржы жөніндегі  
орынбасары

\_\_\_\_\_  
Тажибаева Г.О.  
Бас бухгалтер

**«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС**  
2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп

| мың теңге                                          | Еркерт-<br>пе | 31 желтоқсан<br>2022 ж. | 31 желтоқсан<br>2021 ж. |
|----------------------------------------------------|---------------|-------------------------|-------------------------|
| <b>АКТИВТЕР</b>                                    |               |                         |                         |
| <b>Ұзақмерзімді активтер</b>                       |               |                         |                         |
| Кен орнын игеру бойынша активтер                   | 12            | 25,086,307              | 20,544,679              |
| Негізгі құралдар                                   | 13            | 11,543,796              | 10,667,497              |
| Материалдық емес активтер                          |               | 113,315                 | 131,024                 |
| Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты                | 14            | 4,351,330               | 3,286,136               |
| Кейінге қалдырылған салық активі                   | 11            | 317,970                 | 355,806                 |
| Өзге де ұзақмерзімді активтер                      |               | 701,290                 | 304,333                 |
| <b>Ұзақмерзімді активтердің жиыны</b>              |               | <b>42,114,008</b>       | <b>35,289,475</b>       |
| <b>Қысқамерзімді активтер</b>                      |               |                         |                         |
| Босалқы қорлар                                     | 15            | 3,239,507               | 2,510,222               |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек              | 16            | 59,876,758              | 23,265,737              |
| Алдын ала төлемдер                                 |               | 239,939                 | 352,199                 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары                 | 17            | 13,854,641              | 31,079,512              |
| Өзге де қысқамерзімді активтер                     |               | 12,274                  | -                       |
| <b>Қысқамерзімді активтердің жиыны</b>             |               | <b>77,223,119</b>       | <b>57,207,670</b>       |
| <b>Активтердің жиыны</b>                           |               | <b>119,337,127</b>      | <b>92,497,145</b>       |
| <b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>         |               |                         |                         |
| <b>Меншікті капитал</b>                            |               |                         |                         |
| Жарғылық капитал                                   | 18            | 64,000                  | 64,000                  |
| Өзге де қорлар                                     |               | (444,638)               | (444,638)               |
| Бөлінбеген пайда                                   |               | 76,599,032              | 52,405,957              |
| <b>Меншікті капиталдың жиыны</b>                   |               | <b>76,218,394</b>       | <b>52,025,319</b>       |
| <b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>                               |               |                         |                         |
| <b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>                  |               |                         |                         |
| Несиелер мен қарыздар                              | 19            | 3,286,223               | 7,645,343               |
| Қорлар                                             | 20            | 6,773,372               | 3,453,341               |
| <b>Ұзақмерзімді міндеттемелердің жиыны</b>         |               | <b>10,059,595</b>       | <b>11,098,684</b>       |
| <b>Қысқамерзімді міндеттемелер</b>                 |               |                         |                         |
| Несиелер мен қарыздар                              | 19            | 21,919,952              | 22,001,897              |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек             | 21            | 8,998,872               | 6,151,328               |
| Төлеуге табыс салығы                               |               | 2,140,314               | 1,219,917               |
| <b>Қысқамерзімді міндеттемелердің жиыны</b>        |               | <b>33,059,138</b>       | <b>29,373,142</b>       |
| <b>Міндеттемелердің жиыны</b>                      |               | <b>43,118,733</b>       | <b>40,471,826</b>       |
| <b>Меншікті капитал мен міндеттемелердің жиыны</b> |               | <b>119,337,127</b>      | <b>92,497,145</b>       |

Бұл қаржылық есептілікті басшылық 2023 жылғы 31 қаңтарда бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойғандар:

\_\_\_\_\_  
Пыльной А.В.  
Бас директордың м.а.

\_\_\_\_\_  
Чурина Е.С.  
Бас директордың экономика  
және қаржы жөніндегі  
орынбасары

\_\_\_\_\_  
Тажибаева Г.О.  
Бас бухгалтер

**«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС**  
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

| мың теңге                                                | Жарғылық капитал | Өзге де қорлар   | Бөлінбеген пайда  | Жиыны             |
|----------------------------------------------------------|------------------|------------------|-------------------|-------------------|
| 2021 жылғы 1 қаңтарға                                    | 64,000           | (444,638)        | 41,460,900        | 41,080,262        |
| <b>Жалпы жиынтық табыс</b>                               |                  |                  |                   |                   |
| Бір жылдағы пайда                                        | -                | -                | 52,476,579        | 52,476,579        |
| <b>Бір жылдағы жалпы жиынтық табыс</b>                   | -                | -                | <b>52,476,579</b> | <b>52,476,579</b> |
| <b>Компанияның меншік иелерімен жасалған операциялар</b> |                  |                  |                   |                   |
| Жарияланған дивидендтер                                  | -                | -                | (41,531,522)      | (41,531,522)      |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>                         | <b>64,000</b>    | <b>(444,638)</b> | <b>52,405,957</b> | <b>52,025,319</b> |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға                                    | 64,000           | (444,638)        | 52,405,957        | 52,025,319        |
| <b>Жалпы жиынтық табыс</b>                               |                  |                  |                   |                   |
| Бір жылдағы пайда                                        | -                | -                | 76,114,430        | 76,114,430        |
| <b>Бір жылдағы жалпы жиынтық табыс</b>                   | -                | -                | <b>76,114,430</b> | <b>76,114,430</b> |
| <b>Компанияның меншік иелерімен жасалған операциялар</b> |                  |                  |                   |                   |
| Жарияланған дивидендтер                                  | -                | -                | (51,921,355)      | (51,921,355)      |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>                         | <b>64,000</b>    | <b>(444,638)</b> | <b>76,599,032</b> | <b>76,218,394</b> |

Бұл қаржылық есептілікті басшылық 2023 жылғы 31 қаңтарда бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойғандар:

\_\_\_\_\_  
Пыльной А.В.  
Бас директордың м.а.

\_\_\_\_\_  
Чурина Е. С.  
Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

\_\_\_\_\_  
Тажибаева Г.О.  
Бас бухгалтер

| мың теңге                                                                                     | 2022 ж.            | 2021 ж.            |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------|
| <b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағындары</b>                                        |                    |                    |
| Сатып алушылардан түсетін ақша қаражатының түсімі                                             | 99,833,550         | 84,185,075         |
| Өзге де түсімдер                                                                              | 1,121,844          | 641,325            |
| Қызметкерлерге төленген ақшалай қаражат                                                       | (5,130,362)        | (3,531,736)        |
| Өзге де төлемдер                                                                              | (3,248,233)        | (2,036,957)        |
| Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген алғытөлемдер                                 | (64,832)           | (40,202)           |
| Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төленген ақшалай қаражат                           | (12,215,699)       | (10,034,422)       |
| Сақтандыру шарттары бойынша төлемдер                                                          | (228,607)          | (110,897)          |
| Бюджетке төленетін төлемдер                                                                   | (8,501,321)        | (4,654,945)        |
| <b>Табыс салығы мен сыйақыны төлегенге дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі</b> | <b>71,566,340</b>  | <b>64,417,241</b>  |
| Төленген табыс салығы                                                                         | (21,341,085)       | (10,558,950)       |
| Төленген пайыздар                                                                             | (944,108)          | (908,758)          |
| <b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі</b>                                     | <b>49,281,147</b>  | <b>52,949,533</b>  |
| <b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары</b>                               |                    |                    |
| Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер                                                   | -                  | 3,659              |
| Материалдық емес активтерді сатып алу                                                         | (6,871)            | (19,730)           |
| Негізгі құралдарды сатып алу                                                                  | (1,032,598)        | (1,272,568)        |
| Кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу                                                  | (6,515,946)        | (3,623,884)        |
| Банктік салымдарды орналастыру                                                                | (4,375,171)        | (1,774,537)        |
| Банктік салымдарды алып қою                                                                   | 3,531,002          | 1,485,263          |
| <b>Инвестициялық қызметте ақша қаражатын таза пайдалану</b>                                   | <b>(8,399,584)</b> | <b>(5,201,797)</b> |

**«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС**  
 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

| <b>мың теңге</b>                                                                        | <b>2022 ж.</b>      | <b>2021 ж.</b>      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------|
| <b>Қаржы қызметінен ақша қаражатының түсуі</b>                                          |                     |                     |
| Қарыз қаражатын тарту                                                                   | 32,175,011          | 30,006,734          |
| Қарыз қаражатын өтеу                                                                    | (39,182,990)        | (27,531,772)        |
| Несиелер мен қарыздарды алу жөніндегі мәмілені жүзеге асыруға байланысты шығындар       | (11,434)            | -                   |
| Дивидендтерді төлеу                                                                     | (51,921,355)        | (43,966,570)        |
| <b>Қаржы қызметінде ақша қаражатын таза пайдалану</b>                                   | <b>(58,940,768)</b> | <b>(41,491,608)</b> |
| <b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларының нетто (азаю) / ұлғаюы</b>                    | <b>(18,059,205)</b> | <b>6,256,128</b>    |
| 1 қаңтардағы ақша қаражаты және олардың баламалары                                      | 31,079,512          | 24,618,810          |
| Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері            | 830,400             | 206,709             |
| Күтілетін несиелік шығындар өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері | 3,934               | (2,135)             |
| <b>31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың баламалары (17 ескертпе)</b>             | <b>13,854,641</b>   | <b>31,079,512</b>   |

Бұл қаржылық есептілікті басшылық 2023 жылғы 31 қаңтарда бекітті және Компания басшылығының атынан оған қол қойғандар:

\_\_\_\_\_  
 Пыльной А.В.  
 Бас директордың м.а.

\_\_\_\_\_  
 Чурина Е.С.  
 Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

\_\_\_\_\_  
 Тажибаева Г.О.  
 Бас бухгалтер

## **1 Есеп беруші кәсіпорын**

### **(а) Ұйымдастыру құрылымы және қызметі**

«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2014 жылғы 1 тамызда құрылды. 2014 жылғы 17 қазанда «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚАӨ» ҰАК») Компанияға Ыңғай кен орнының 4 учаскесіндегі №1800 барлау және өндіру келісімшартына №4 және Ақдала кен орнындағы №647 барлау және өндіру келісімшартына №7 қосымша келісімдерге (бұдан әрі – «Келісімшарттар») сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын берді. Ақдала кен орнының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 2001 жылғы 28 наурыздан бастап 25 жыл мерзімге есептелген. Ыңғай кен орнының 4 учаскесінің жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт 2005 жылғы 8 шілдеден бастап 24 жылға есептелген.

Бұған дейін аталған келісімшарттар «Бетпак Дала» бірлескен кәсіпорны» ЖШС-ға тиесілі болатын. 2014 жылдың ішінде сот шешімі бойынша «Бетпак Дала» бірлескен кәсіпорны» ЖШС жер қойнауын пайдалану құқығынан айырылды және келісімшарттар бастапқы меншік иесіне ҚАӨ ҰАК-на қайтарылды, ол да «Бетпак Дала» бірлескен кәсіпорны» ЖШС-нен кен орнын олардың теңгерімдік құны бойынша игеру бойынша тиісті келісімшарттық активтерді сатып алды. 2014 жылы «Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС жаңа кәсіпорны құрылды, сондықтан ҚАӨ ҰАК Келісімшарттарды тапсырды және кен орнын әзірлеу бойынша активтерді теңгерімдік құны бойынша сатты. 2015 жылы Компания қатысушыларының шешімі негізінде өндірістік активтер 2015 жылғы 1 қазандағы сатып алу-сату шарттарына сәйкес «Бетпак Дала» бірлескен кәсіпорны» ЖШС-нен сатып алынды.

Есепті күнгі жағдай бойынша Компанияның негізгі қызмет түрлері уран кенін тотық шалатотыққа дейін өндіру және өңдеу (бұдан әрі – «түпкілікті өнім») болып табылады. Уран кенін өндіру Қазақстан Республикасының Түркістан және Қызылорда облыстарында орналасқан Ыңғай кен орнының 4 учаскесінде және Ақдала кен орнында жерасты сілтісіздендіру әдісімен жүзеге асырылады. Ақдала кен орнында және Ыңғай кен орнының 4 учаскесінде өнеркәсіптік өндіру тиісінше 2004 жылдан және 2009 жылдан бастап жүргізілуде, жылдық өндіру көлемі 624 және 2,000 тонна уран кенін құрайды (2021 жылы: 900 және 2,000 тонна). Компания 2022 жылғы 7 шілдеде Ақдала кен орнында жер қойнауын пайдалануға арналған №647 Келісімшартқа №11 Қосымшаға қол қойды, оған сәйкес 2022 жылы уран өндіру көлемі келесі жылдары 2026 жылғы 28 наурызды қоса алғанға дейінгі кезеңде біртіндеп төмендей отырып, 624 тонна деңгейінде бекітілді. Компания 2022 жылғы 7 шілдеде Ыңғай кен орнының 4 учаскесіндегі №1800 жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшартқа №6 Толықтыруды бекітті, оған сәйкес 2022 жылы уран өндіру көлемі 2029 жылғы 8 шілдеде Келісімшарт аяқталғанға дейін жылына 2,400 тоннаға дейін біртіндеп ұлғайта отырып, 1,600 тонна деңгейінде бекітілді. Компания соңғы өнімді жылына 3,000 тоннаға дейінгі өнімділікпен «Оңтүстік Ыңғай» кенішінде орналасқан өңдеу қуаттарында өндіреді.

Компанияның қатысушылары – ҚАӨ ҰАК және Uranium One Rotterdam B. V. (Ураниум Уан Роттердам Би.Ви.), олар тиісінше Компанияның 30% және 70% қатысу үлесіне ие.

Компанияның тіркелген мекенжайы: 161006, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, 1 ықшамаудан, 23 үй, 36 пәтер.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компаниядағы қызметкерлердің орташа жылдық саны 863 адамды құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 823 адам).

### **(б) Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары**

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, сондай-ақ олар жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының белгісіздігі деңгейін ұлғайтады.

Соңғы уақыттағы Ресей Федерациясы мен Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін одан әрі арттырды.

2022 жылдың ақпанында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты бірқатар елдер Ресей Федерациясына қарсы санкциялар енгізді. Қақтығыстың әсері екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, жаһандық экономикаға да әсер етеді. Санкцияларды енгізу нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат пен азық-түлік тауарларының бағасы өсті, ресурстарды жеткізу арасындағы белгіленген байланыстар бұзылды, бағаларда инфляциялық әсер байқалады, сарапшылар экономикалық салдарды әлемдік өнеркәсіп үшін де болжайды.

Ұсынылған қаржылық есептілік Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттарының Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайларының нақты әсері басшылықтың оларды бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## **2 Есеп негіздері**

### **(а) ХҚЕС сәйкестігі туралы өтініш**

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – «ХҚЕС») талаптарына сәйкес дайындалды.

### **(б) Құнды анықтауға арналған база**

Қаржылық есептілік тарихи (бастапқы) құн негізінде дайындалды.

### **(в) Атқарымдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы**

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге») болып табылады, осы валюта Компания үшін атқарымдық болып табылады және осы қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған. Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер мыңға дейін (ең жақын) дөңгелектенеді.

### **(г) Кәсіби пайымдауларды, есептік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалану**

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау басшылықтың есеп саясатының ережелері қалай қолданылатынына және активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығыстар қандай сомаларда көрсетілетініне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдар мен есептік бағалауларды пайдалануын талап етеді. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Жорамалдар және олардың негізінде жасалған есептік бағалаулар оларды өзгерту қажеттілігі тұрғысынан үнемі талданады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер осы бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және көрсетілген өзгерістермен қозғалған барлық кейінгі кезеңдерде танылады.

Есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде қалыптасқан және қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер еткен неғұрлым маңызды пайымдаулар, сондай-ақ келесі есепті жылы қаржылық есептілікте көрсетілген көрсеткіштерді елеулі түрде өзгерту талап етілетіндігінің елеулі тәуекелімен ұштасқан есептік бағалауларға қатысты неғұрлым маңызды жорамалдар мен белгісіздіктер туралы ақпарат мынадай баптарға жатады және төменде және ескертулерде ашылған:

- 20-ескертпе – Кен орындарында уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жоюға арналған қор;
- 12-ескертпе – Кен орнын игеру бойынша активтер;
- 23-ескертпе – Шартты міндеттемелер.

Сондай-ақ, ең маңызды пайымдаулар мыналарға жатады:

**(i) Кен орнын игеру бойынша активтер мен негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі**

Компания әрбір есепті күнге осы активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімдерін бағалауды жүргізеді және егер күткен нәтиже алдыңғы кезеңдердегі бағалаулардан өзгеше болса, өзгерістер 8 (IAS) «Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер және қателер» ХҚЕС-қа сәйкес есептік бағалаудағы өзгеріс ретінде ескеріледі.

Кен орнын игеру бойынша активтерді пайдалы пайдалану мерзімін есептеуге мынадай факторлар әсер етеді:

- дәлелденген және болжамды кен қорының өзгеруі;
- минералды қорлардың санаты мен сапасындағы ауытқулар;
- өнеркәсіптік қорларды бағалауға әсер ететін нақты тауарлық бағалар мен болжамды тауарлық бағалардағы өзгерістер;
- кен орнындағы өндіруге байланысты операциялық мәселелер; және
- уран қорларын өндірудің экономикалық орындылығына теріс әсер етуі мүмкін өндірістегі, процестердегі, қалпына келтіру шығындарындағы, дисконттық мөлшерлемелердегі және валюта бағамдарындағы өзгерістер.

Осы өзгерістердің кез келгені болашақ өтемпұлға және капиталдандырылған шығындардың теңгерімдік құнына әсер етуі мүмкін. Басшылық ұзақ мерзімді активтердің пайдалы қызмет ету мерзімдерінің дұрыстығын мезгіл-мезгіл тексеріп отырады. Тексеру активтердің ағымдағы жағдайына және активтер Компания үшін экономикалық пайданы жинақтауды жалғастыратын есептелген кезеңге негізделеді.

**(ii) Уран қорлары**

Уран қоры Компания қызметінің маңызды факторы болып табылады. Барлық қорларды бағалау белгілі бір дәрежеде белгісіздікті білдіреді. Белгісіздік негізінен осы деректерді бағалау және түсіндіру кезінде қолжетімді сенімді геологиялық және техникалық деректердің көлеміне байланысты. Бағалау әзірлеудегі жақсартулар, өнімділіктегі өзгерістер немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістер тұрғысынан жобаларды жүргізу салдарынан тексерілуі мүмкін.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері**

Төменде сипатталған есеп саясатының ережелері осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде рет-ретімен қолданылды.

**(a) Шетел валютасындағы операциялар**

Шетел валютасындағы операциялар осы операциялар жасалған күнгі айырбастау бағамдары бойынша Компанияның атқарымдық валютасына қайта есептеледі. Есепті күнге шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер осы есепті күнге қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша атқарымдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптар бойынша оң немесе теріс бағамдық айырма есепті кезеңдегі төлемдерді ескере отырып, сыйақының тиімді мөлшерлемесі бойынша есептелген есепті кезеңнің басындағы атқарымдық валютадағы тиісті баптың амортизацияланған құны мен осы есепті кезеңнің соңындағы айырбас бағамы бойынша қайта есептелген шетел валютасындағы осы баптың амортизацияланған құны арасындағы айырманы білдіреді.

Шетел валютасында көрсетілген және әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша атқарымдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасындағы бастапқы күн негізге алына отырып бағаланатын монетарлық емес баптар тиісті операция жасалған күнгі айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі.

**(б) Қаржы құралдары**

**(i) Тану және бастапқы бағалау**

Сауда дебиторлық берешегі бастапқыда ол пайда болған кезде танылады. Барлық басқа қаржы активтері мен міндеттемелер бастапқыда Компания нысанасы көрсетілген құралдар болып табылатын шарттық қатынастарға кірген кезде танылады.

Қаржы активі (егер ол айтарлықтай қаржыландыру құрамдасын қамтымайтын сауда дебиторлық берешек болмаса) немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Қаржыландырудың маңызды құрамдас бөлігі жоқ сауда дебиторлық берешегі бастапқыда мәміле бағасымен бағаланады.

**(ii) Жіктеу және кейінгі бағалау**

**Қаржы активтері**

Бастапқы тану кезінде қаржы активі: амортизацияланған құны бойынша, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша – борыштық құралдар үшін, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша – үлестік құралдар үшін, не әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтері бастапқы танылғаннан кейін, егер Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-үлгісін өзгертсе ғана қайта жіктеледі және бұл жағдайда ықпал көрсетілген барлық қаржы активтері бизнес-үлгі өзгергеннен кейінгі бірінші есепті кезеңнің бірінші күнінде қайта жіктеледі.

Қаржы активі, егер ол төмендегі екі шартқа сәйкес келсе және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- ол шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалуға бағытталған бизнес-үлгі шеңберінде ұсталады; және
- оның шарттық шарттары белгіленген мерзімде ақша ағындарының пайда болуын көздейді, бұл тек негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздардың төленуін білдіреді.

Саудаға арналмаған үлестік құралдарға инвестицияларды бастапқы тану кезінде Компания өз қалауы бойынша шешім қабылдады оның кейіннен күшін жоюға, олардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін өзге жиынтық табыстың құрамында ұсынуға құқығынсыз. Бұл таңдау әр инвестиция үшін бөлек жасалады.

**Қаржы активтері – бизнес-үлгіні бағалау**

Компания активті ұстап қалатын бизнес-үлгінің мақсатын қаржылық құралдардың портфелі деңгейінде бағалайды, өйткені бұл бизнесті басқару және басшылыққа ақпарат беру тәсілін жақсы көрсетеді. Бұл ретте мынадай ақпарат қаралады:

- Осы портфель үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттардың тәжірибеде қолданылуы. Бұған шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржылық активтерді өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне немесе ақша қаражатының күтілетін ағындарына сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға басшылық ету стратегиясы кіреді.
- Портфельдің тиімділігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Компания басшылығының назарына қалай жеткізіледі.
- Бизнес-үлгінің (және осы бизнес-үлгі шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің) нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады.
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлердің сыйақысы қалай жүзеге асырылады (мысалы, бұл көрсетілген активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген активтер бойынша алынған ақша қаражатының ағындарына байланысты ма).

- Өткен кезеңдердегі қаржы активтерін сатудың жиілігі, көлемі мен мерзімдері, осындай сату себептері, сондай-ақ сатудың болашақ деңгейіне қатысты күтілетін нәтижелер.

Қаржы активтерін тануды тоқтату өлшемшарттарына сәйкес келмейтін мәмілелерде үшінші тараптарға беру осы мақсат үшін сату ретінде қарастырылмайды және Компания осы активтерді тануды жалғастыруда.

**Қаржы активтері - шартта көзделген ақша қаражатының ағындары тек негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау**

Осы бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» қаржы активін бастапқы тану кезінде оның әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген негізгі сомаға қатысты несиелік тәуекел үшін және несиелеуге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығындар (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығындар) үшін өтеу ретінде айқындалады, сондай-ақ пайда маржасын қамтиды.

Шартта көзделген ақша ағындары тек негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне пайыздардың төлемдері болып табылатындығын бағалау кезінде («SPPI өлшемшарты») Компания қаржы құралының шарттық талаптарын талдайды. Бұған қаржы активі талданатын талапты қанағаттандырмайтындай, шартта көзделген ақша ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын қандай да бір шарттық талаптың бар-жоғын бағалау кіреді. Бағалау жүргізу кезінде Компания мыналарды талдайды:

- ақша ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- айнымалы мөлшерлеме туралы талаптарды қоса алғанда, шартта көзделген купондық мөлшерлемені түзете алатын талаптар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы шарттар; және
- Компанияның талаптарын келісілген активтерден ақша ағынымен шектейтін шарттар (мысалы, регресс құқығы жоқ қаржылық активтер).

Мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт, егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке пайыздарды білдірсе және шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамти алса, SPPI өлшемшартына сәйкес келеді. Бұдан бөлек, мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер қаржы активі Шартта көрсетілген номиналды сомаға қатысты сыйлықақымен немесе дисконтпен сатып алынса немесе жасалса, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге жататын сома мәні бойынша Шартта көрсетілген номиналды соманы және шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайыздарды білдіретін жағдайда, осы өлшемшартқа сәйкес ретінде қаралады (сонымен қатар шартты мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны да қамтуы мүмкін); ал қаржы активі бастапқы танылған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы шарттарының әділ құны елеусіз болып табылады.

**Қаржы активтері – кейінгі бағалау және пайда мен шығындар**

|                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері</b>                               | Бұл активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн құнсызданудан болған шығындардың шамасына азайтылады. Пайыздық кіріс, оң және теріс бағамдық айырмалар және құнсыздану сомалары пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Тануды тоқтатудан болған кез келген пайда немесе залал кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында танылады. |
| <b>Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға инвестициялар</b> | Бұл активтер кейіннен әділ құн бойынша бағаланады. Егер дивиденд инвестицияның бастапқы құнының бір бөлігін өтеуді білдіретіні анық болмаса, дивидендтер кезеңдегі пайда немесе шығын құрамындағы кіріс ретінде танылады. Пайданың немесе залалдың өзге де нетто-шамалары өзге де жиынтық кірістің құрамында танылады және кезең ішіндегі пайда немесе залал санатына ешқашан қайта жіктелмейді.                                        |

### **Қаржылық міндеттемелер – жіктеу, кейінгі бағалау және пайда мен шығындар**

Қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржылық міндеттеме пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі, егер ол саудаға арналған ретінде жіктелме, бұл - туынды құрал. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер әділ құн бойынша бағаланады және кез келген пайыздық шығысты қоса алғанда, пайда мен залалдың нетто-шамасы пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Өзге қаржылық міндеттемелер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Пайыздық шығыс пен оң және теріс бағамдық айырмашылықтар пайданың немесе шығынның құрамында танылады. Тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген пайда немесе шығын да пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

#### **(iii) Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің талаптарын түрлендіру**

##### **Қаржы активтері**

Егер қаржы активінің шарттары өзгерсе, Компания ақша қаражатының ағындары осындай түрлендірілген актив бойынша айтарлықтай ерекшеленетінін бағалайды. Егер ақша қаражатының ағындары айтарлықтай ерекшеленетін болса («Шарттардың елеулі түрленуі»), онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағындарына құқықтар мерзімі өткен деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады және жаңа қаржы активі әділ құн бойынша есепте танылады.

Компания шарттарды өзгерту маңызды ма, жоқ па, яғни бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары мен өзгертілген немесе оны ауыстырған қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындары айтарлықтай ерекшеленеді ме, соны сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, шарттарды өзгертудің маңыздылығын сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Егер ақша қаражатының ағындары айтарлықтай өзгеше болса, онда бастапқы қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағындарына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Осы бағалауды жүргізу кезінде Компания ұқсастық бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Компания шарттарды төмендегі сапалық факторлардың негізінде түрлендіру маңызды болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржы активі валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрін немесе активтің сапасын арттырудың басқа құралдарын өзгерту;
- SPPI өлшемшартына сәйкес келмеуге әкелетін қаржы активінің шарттарын өзгерту (мысалы, айырбастау шартын қосу).

Егер амортизацияланған құны бойынша бағаланатын түрлендірілген актив бойынша ақша қаражатының ағындары айтарлықтай ерекшеленбесе, онда шарттардың мұндай түрленуі қаржы активін тануды тоқтатуға әкеліп соқпайды. Бұл жағдайда Компания қаржы активінің жалпы теңгерімдік құнын қайта есептейді және жалпы теңгерімдік құнды түзету сомасын пайданың немесе залалдың құрамындағы түрленуден болған пайда немесе шығын ретінде таниды. Қаржы активінің жалпы теңгерімдік құны осы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған ақша қаражатының қайта қаралған немесе түрлендірілген ағындарының келтірілген құны ретінде қайта есептеледі. Келтірілген шығындар мен комиссиялар түрлендірілген қаржы активінің теңгерімдік құнын түзетеді және түрлендірілген қаржы активінің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

### **Қаржылық міндеттемелер**

Компания қаржылық міндеттемені тануды оның шарттары өзгертілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағындарының мөлшері айтарлықтай өзгертін етіп өзгерткен кезде тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны мен түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырмашылық пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға әкелмесе, Компания қаржы активін танудың тоқтатылуына әкеліп соқпайтын жағдайларда, қаржы активінің жалпы теңгерімдік құнын түзетуге қатысты тәсілмен келісілетін есеп саясатын қолданады, яғни Компания осындай түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде туындайтын қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) күніне пайда немесе шығын құрамында кез келген түзетуді таниды.

Қолданыстағы қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындары шамасының өзгеруі, егер олар Шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, талаптардың түрлендіруі болып саналмайды.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, шарттардың түрленуінің маңыздылығын сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Компания төмендегі сапалық факторлардың негізінде шарттардың түрлендіруі маңызды деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрін немесе міндеттеме сапасын арттырудың басқа құралдарын өзгерту;
- айырбастау шартын қосу;
- қаржылық міндеттеменің бағыныстылығын өзгерту.

Сандық бағалауды жүргізу мақсаттары үшін егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергендегі комиссиялық сыйақы төлеуді қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша қаражаты ағындарының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша қаражаты ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10%-ға ерекшеленетін болса, шарттар айтарлықтай өзгеше болып есептеледі. Егер бір борыштық құралды басқасына ауыстыру немесе оның талаптарын түрлендіру есепте өтеу ретінде көрсетілсе, онда келтірілген шығындар немесе комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден түскен пайданың немесе залалдың бөлігі ретінде танылады. Егер бір борыштық құралды басқасына ауыстыру немесе оның талаптарын түрлендіру есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда келтірілген шығындар немесе комиссиялар сомасына тиісті міндеттеменің теңгерімдік құны түзетіледі және бұл түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

#### **(iv) Тануды тоқтату**

##### **Қаржы активтері**

Компания қаржы активін тануды ол осы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағындарына шартта көзделген құқықтарын жоғалтқан не екінші тарапқа осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдалар берілетін немесе осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың елеулі бөлігін беретін, сақтайтын мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу құқығын берген сәтте тоқтатады, бірақ қаржылық активті бақылауды сақтамайды.

Компания шарттары бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған активтерді беретін мәмілелер жасайды, бірақ бұл ретте берілген активтерге меншік құқығынан туындайтын барлық немесе барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы сақтайды. Мұндай жағдайларда берілген активтерді тану тоқтатылмайды.

## **Қаржылық міндеттемелер**

Компания қаржылық міндеттемені ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күші жойылған немесе тоқтатылған кезде тануды тоқтатады. Компания сондай-ақ оның шарттары түрлендірілген де және осындай түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеше болғанда қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады және мұндай жағдайда пайда болатын түрлендірілген шарттарға негізделген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады.

Қаржылық міндеттемені тану тоқтатылған кезде өтелген теңгерімдік құн мен төленген өтеу арасындағы айырма (берілген кез келген ақшалай емес активтерді немесе өзіне қабылданған міндеттемелерді қоса алғанда) пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

### **(v) Өзара есепке алу**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы есепте Компанияның қазіргі кезде заңды қорғаумен қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуды жүзеге асыру құқығы болған кезде және не олар бойынша нетто-негізде есеп айырысу, не активті сату және міндеттемені бір мезгілде орындау ниеті болған кезде ғана нетто-шамада ұсынылады.

### **(в) Жарғылық капитал**

Жарғылық капитал меншікті капитал санатына жіктеледі. Жарғылық капиталды ұлғайтуға тікелей байланысты қосымша шығындар салық әсерін ескере отырып, меншікті капиталдың шамасынан шегерім ретінде көрсетіледі.

### **(г) Кен орнын игеру бойынша активтер**

#### **(i) Сатып алу құны**

Кен орнын игеру бойынша активтер, егер бар болса, амортизацияның жинақталған сомасы мен құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі.

Компания кен орнының зерттелмеген учаскелерінде пайдалы қазбалар қорларын табуға қатысты шығындарды көтереді. Бұл шығындар барлау аяқталған сәтке дейін барлау және бағалау активтері ретінде капиталдандырылады және уран өндіру технологиясын дамыту және жобаның экономикалық орындылығын растау мақсатында барлама бұрғылауға, топографиялық, геологиялық және геофизикалық зерттеулерге, сондай-ақ тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруге арналған шығындарды қамтиды. Жобаның техникалық жүзеге асырылуына және коммерциялық табыстылығына жүргізілген бағалаудан кейін барлау және бағалау қызметіне жататын шығындардың құнсыздануы тестіленеді және кен орнын игеру бойынша активтер санатына ауыстырылады.

Компания сондай-ақ бағаланған қорлары бар учаскелерде уранды коммерциялық алуға байланысты шығындарды да көтереді. Аталған шығындар ион алмастыру шайырының, айдаушы, сорушы, бақылаушы және эксбарлаушы ұңғымаларын, ұңғымаларды қайта бұрғылауды, полигондардың жерүсті инфрақұрылымын, соның ішінде байламдарды, ерітінділерді тарату тораптарын, ішкі жолдарды, реагенттерді жеткізуге арналған эстакадаларды және т. б. салу құнын қамтиды. Жоғарыда аталған барлық шығындар кен орнын игеру бойынша материалдық активтер ретінде танылады.

#### **(ii) Амортизация**

Амортизацияны есептеу уранды өнеркәсіптік алу сәтінен басталады. Кен орнын игеру жөніндегі материалдық емес активтер олар жататын кен орындарындағы алынатын қорлардың көлемін негізге ала отырып, өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады.

Нақты блокқа жататын кен орнын игеру жөніндегі материалдық активтер, бастапқы барлау процесінде, сондай-ақ полигонды салу процесінде жүргізілетін одан әрі барлау процесінде айқындалған осы блок бойынша ағымдағы өндіру мен қорлардың көлемін негізге ала отырып, өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады. Барлық кен орнына жататын кен орнын игеру жөніндегі материалдық активтер келісімшарттардың қолданылу кезеңі ішінде алуы жоспарланып отырған кен орнының қорларын негізге ала отырып, өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады. Өндірістік әдіс деп Компания өндірілген қорлардың көлеміне пропорционалды түрде есептен шығару әдісін түсінеді. Ион алмастырғыш шайыры пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде өндіріс нормаларына сүйене отырып амортизацияланады. Ион алмастырғыш шайырының амортизациясы бойынша шығыстар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

**(д) Негізгі құралдар**

**(i) Тану және бағалау**

Негізгі құралдардың объектілері, егер бар болса, амортизацияның жинақталған сомаларын және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегергенде өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Өзіндік құнға тиісті активті сатып алумен тікелей байланысты шығындар енгізіледі. Өз күшімен тұрғызылған (салынған) активтердің өзіндік құнына материалдарға арналған шығындар, еңбекке ақы төлеуге арналған тікелей шығындар, мақсаты бойынша пайдалану үшін активтерді жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты барлық басқа шығындар, активтерді бөлшектеуге және жоюға және олар орналасқан учаскені қалпына келтіруге арналған шығындар және қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар кіреді. Тиісті жабдықтың атқарымдық мақсатымен тығыз байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға арналған шығындар осы жабдықтың құнына капиталдандырылады.

Егер негізгі құралдардың объектісін құрайтын маңызды құрауштардың пайдалы қызмет ету мерзімі әртүрлі болса, олар негізгі құралдардың жекеленген объектілері (маңызды құрауштары) ретінде есепке алынады.

Негізгі құралдар объектісінің істен шығуынан түскен пайданың немесе залалдың кез келген сомасы оның істен шығуынан түскен түсімдерді оның теңгерімдік құнымен салыстыру арқылы айқындалады және кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамындағы «өзге кірістер» немесе «өзге шығыстар» жолы бойынша нетто-шамада танылады.

**(ii) Кейінгі шығындар**

Негізгі құралдар объектісінің елеулі құрауышын ауыстыруға байланысты шығындар, егер Компания аталған құрауышпен байланысты болашақ экономикалық пайданы алуы ықтимал және оның құнын сенімді бағалауға болатын жағдайда, осы объектінің теңгерімдік құнын ұлғайтады. Ауыстырылған құрауыштың теңгерімдік құны есептен шығарылады. Негізгі құралдар объектілеріне күнделікті қызмет көрсетуге арналған шығындар пайда болған кезде кезеңдегі пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

**(iii) Амортизация**

Негізгі құралдардың объектілері олар орнатылған және пайдалануға дайын болған күннен бастап, ал өз күшімен тұрғызылған негізгі құралдардың объектілері үшін – объектінің құрылысы аяқталған және пайдалануға дайын болған сәттен бастап амортизацияланады. Амортизация активтің есептік қалдық құнын шегере отырып, оның өзіндік құнын негізге ала отырып есептеледі.

Тау-кен өндірістік кешенінің объектілеріне жататын ғимараттар мен құрылыстар бойынша амортизация кен орнының расталған қорларының негізінде өндірістік әдіспен есептеледі. Ғимараттар мен құрылыстардан ажыратылмайтын жабдыққа да амортизацияның өндірістік әдісі қолданылады. Бұл ретте кеніште орналасқан, бірақ жеке пайдаланылатын, тасымалданатын және басқа пайдалану орындарына берілуі мүмкін машиналар мен жабдықтарға амортизацияны біркелкі есептеу әдісі қолданылады.

Машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары және өзге де негізгі құралдар оны пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады, өйткені дәл осындай әдіс активте жасалған болашақ экономикалық пайданы күтілетін тұтыну сипатын неғұрлым дәл көрсетеді және амортизациялық аударымдар кезең үшін пайданың немесе залалдың құрамына енгізіледі.

Есепті және салыстырмалы кезеңдерде негізгі құралдарды пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімдері мынадай болды:

|                           |                  |
|---------------------------|------------------|
| Ғимараттар мен құрылыстар | Өндірістік әдіс; |
| Тұрғын үй ғимараттары     | 20 жыл;          |
| Машиналар мен жабдықтар   | 3-10 жыл;        |
| Көлік құралдары           | 5-10 жыл;        |
| Басқалары                 | 3-7 жыл.         |

Амортизация әдістері, пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімдері және негізгі құралдардың қалдық құны әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

**(е) Босалқы қорлар**

Босалқы қорлар екі шаманың ең азы бойынша көрсетіледі: нақты өзіндік құн және ықтимал сатудың таза құны. Босалқы қорлардың нақты өзіндік құны орташа өлшемді құн қағидаты негізінде айқындалады, оған босалқы қорларды сатып алуға арналған шығындар, өндіруге немесе өңдеуге арналған шығындар және босалқы қорларды олардың осы орналасқан жеріне дейін жеткізуге және оларды тиісті жай-күйге келтіруге арналған өзге де шығындар енгізіледі.

Меншікті өндіріс қорларына және аяқталмаған өндіріс объектілеріне қатысты нақты өзіндік құнға кәсіпорынның өндірістік қуаттарының қалыпты (нормативтік) жүктемесі кезінде өндірістің стандартты көлемін негізге ала отырып есептелетін үстеме шығыстардың тиісті үлесі де қосылады.

Ықтимал сатудың таза құны осы объект бойынша жұмыстарды орындауды аяқтауға және оны сатуға арналған есептік шығындарды шегергендегі кәсіпорынның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында қорлар объектісін сатудың болжамды (есептік) бағасын білдіреді.

**(ж) Құнсыздану**

**(і) Туынды емес қаржы активтері**

*Қаржы құралдары*

Компания КНШ-ға қатысты шығындарға бағалау қорларын таниды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға бойынша инвестицияларға.

Компания танылатын қордың сомасы күтілетін 12 айлық несиелік залалдарға тең болатын мынадай құралдарды қоспағанда, шығындарға арналған қорларды бүкіл мерзім ішінде КНШ-ға тең сомада бағалайды:

- несиелік тәуекел (яғни қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелі) бастапқы танылған сәттен бастап елеулі жоғарыламаған банктік шоттар бойынша қалдықтар.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты шығындарға арналған бағалау қорлары, әрқашан бүкіл мерзім ішінде күтілетін несиелік шығыстарға тең сомада бағаланатын болады.

Бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша несиелік тәуекелдің елеулі жоғарылауы орын алғанын бағалау кезінде және КНШ бағалау кезінде Компания орынды және шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді болатын негізделген және расталатын ақпаратты талдайды. Бұған Компанияның өткен тәжірибесіне және несиелік сапаның негізделген бағалауға негізделген сандық және сапалық ақпарат пен талдау кіреді және болжамды ақпаратты қамтиды.

Компания қаржы активі бойынша несиелік тәуекел, егер ол 30 күннен астам мерзімге кешіктірілсе, едәуір артты деген болжам жасайды.

Компания қаржы активін мынадай жағдайларда олар бойынша дефолт оқиғасы басталған қаржылық активтерге жатқызады:

- қарыз алушының Компания алдындағы өзінің несиелік міндеттемелерін компанияның кепілдік қамтамасыз етуді сату (ол болған кезде) сияқты шараларды қолданбай-ақ толық көлемде өтеуі екіталай болса; немесе
- қаржылық актив 90 күннен астам мерзімге кешіктірілсе.

Компания борыштық бағалы қағаздың несиелік тәуекелі төмен деп санайды, егер оның несиелік рейтингі әлемде жалпы қабылданған «инвестициялық сапа» рейтингісіне сәйкес келсе. Компания оны Moody's немесе BBB рейтингтік агенттігінің бағалауы бойынша Baa3 тең немесе жоғары - немесе Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің бағалауы бойынша жоғары деп қарайды.

Бүкіл мерзім ішінде КНШ – бұл қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының нәтижесінде туындайтын КНШ.

12 айлық КНШ есептік күннен кейін 12 ай ішінде (немесе егер қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі 12 айдан аз болса, неғұрлым қысқа мерзімде) мүмкін болатын дефолт оқиғалары нәтижесінде пайда болатын КНШ бөлігін білдіреді.

Ең жоғары кезең КНШ шартта көзделген ең жоғары кезең үшін бағаланған кезде қаралады, осы мерзім ішінде Компания несиелік тәуекелге ұшырайды.

#### *КНШ бағалау*

Күтілетін несиелік шығындар несиелік шығындардың ықтималдығын ескере отырып мөлшерленген есептік бағалауды білдіреді. Несиелік шығындар барлық күтілетін толық алынбаған ақшалай қаражаттың келтірінді құны ретінде бағаланады (яғни, келісімшартқа сәйкес Компанияға тиесілі ақша ағындары мен Компания алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмашылық).

КНШ осы қаржы активі пайызының тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

#### *Несиелік-құнсызданған қаржы активтері*

Әрбір есепті күні Компания амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерін несиелік құнсыздану мәніне бағалайды. Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша болашақ есеп айырысу ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар орын алған кезде «несиелік-құнсызданған» болып табылады.

Атап айтқанда, мынадай бақыланатын деректер қаржы активінің несиелік құнсыздануын растау болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің айтарлықтай қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлемді 90 күннен артық кешіктіру сияқты шарттын талаптарын бұзу;
- Компанияның қарызды немесе аванстық төлемді басқа жағдайларда қарастырмайтын шарттармен қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттық немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастыру ықтималдығының пайда болуы; немесе
- қаржылық қиындықтардың салдарынан бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

#### **Қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін несиелік залалдарға бағалау қорын ұсыну**

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша шығындарға арналған бағалау қорлары осы активтердің жалпы теңгерімдік құнынан шегеріледі.

Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға қатысты шығындарға арналған бағалау қоры пайданың немесе залалдың құрамында есептеледі және өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетіледі.

*Есептен шығару*

Қаржы активінің толық теңгерімдік құны Компанияда қаржы активінің толық сомада немесе оның бір бөлігінде өтеуін күтуге негіз болмаған кезде есептен шығарылады. Кәсіпорындарға қатысты Компания сомаларды өтеудің негізделген болжамдарын негізге ала отырып, есептен шығару мерзімдері мен сомалары бойынша жеке бағалауды орындайды. Компания есептен шығарылған сомалардың айтарлықтай өтелуін күтпейді. Алайда есептен шығарылған қаржы активтері тиесілі сомаларды өтеуге қатысты Компания рәсімдеріне сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында құқық қолдану объектісі болып қала беруі мүмкін.

**(ii) Қаржылық емес активтер**

Компанияның қорлардан және кейінге қалдырылған салық активтерінен ерекшеленетін қаржылық емес активтерінің теңгерімдік құны олардың ықтимал құнсыздану белгілерін анықтау үшін әрбір есепті күнге талданады. Мұндай белгілер болған кезде тиісті активтің өтелетін шамасы есептеледі. Егер активтің немесе осы актив жататын ақша қаражаты ағындарын түрлендіретін бірліктің теңгерімдік құны оның өтелетін шамасынан жоғары болған жағдайда құнсызданудан болатын залал танылады.

Активтің немесе ақша қаражаты ағындарын түрлендіретін бірліктің өтелетін шамасы екі шаманың: осы активті (осы бірлікті) пайдалану құндылығының және сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі оның әділ құнының ең үлкенін білдіреді. Пайдалану құндылығын есептеу кезінде болашақта күтілетін ақша қаражатының ағындары уақыт өте келе ақша құнының өзгеруі әсерінің ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке немесе ақша қаражатының ағындарын түрлендіретін бірлікке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттаудың салыққа дейінгі мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың келтірілген құнына дейін дисконтталады. Құнсыздану мәніне тексеру жүргізу мақсаттары үшін жеке-жеке тексерілуі мүмкін емес активтер ең аз топқа біріктіріледі, оның шеңберінде тиісті активтерді үздіксіз пайдалану нәтижесінде ақша қаражатының ағыны жинақталады және бұл ағым көп бөлігі ақша қаражатының ағындарын түрлендіретін басқа активтер немесе бірліктер түрлендіретін ақша қаражатының ағынына байланысты болмайды.

Компанияның корпоративтік активтері жеке ақша ағындарын құрмайды және ақша ағындарын түрлендіретін бірліктен артық пайдаланылады. Корпоративтік активтер негізделген және дәйекті негізде ақша қаражатының ағындарын түрлендіретін бірліктерге бөлінеді және корпоративтік актив бөлінген ақша қаражатының ағындарын түрлендіретін бірліктің құнсыздануына тексеру шеңберінде құнсыздану мәніне тексеріледі.

Құнсызданудан болған шығындар пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Ақша қаражатының ағындарын түрлендіретін бірліктердің құнсыздануынан болатын шығындар алдымен осы бірліктерге (бірліктер тобына) бөлінген гудвиллдің теңгерімдік құнының азаюына, содан кейін тиісті бірлік (бірліктер тобы) құрамындағы басқа активтердің теңгерімдік құнының тепе-тең азаюына жатады.

Өзге активтерге қатысты әрбір есепті күнге өткен кезеңдердің бірінде танылған олардың құнсыздануынан болатын залалға осы залалдың шамасын азайту керек немесе оны бұдан былай танымау керек деген белгілерді анықтау мақсатында талдау жүргізіледі. Құнсызданудан болатын шығындарға есептен шығарылған сомалар, егер тиісті өтелетін шаманы есептеу кезінде пайдаланылған бағалау факторлары өзгерген жағдайда қалпына келтіріледі. Құнсызданудан болған шығын, егер құнсызданудан болған шығын танылмаса, активтердің құнын олардың теңгерімдік құнына дейін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін сома шегінде ғана (жинақталған амортизация сомасын шегере отырып) қалпына келтіріледі.

**(з) Қызметкерлерге сыйақы**

**(i) Белгіленген жарналармен жоспарлар**

Компания еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге зейнетақыларды немесе өзге де төлемдерді қамтамасыз етуге қатысты ешқандай шығыстарды көтермейді. Зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамаға сәйкес Компания қызметкерлердің жалақысынан зейнетақы жарналарын ұстап қалады және оларды зейнетақы қорларына аударады. Зейнетақы жарналарын төлегеннен кейін Компания зейнетақымен қамсыздандыру бойынша бұдан әрі ешқандай міндеттемелерді алмайды. Зейнетке шыққаннан кейін барлық зейнетақы төлемдерін басқаруды тікелей зейнетақы қоры жүзеге асырады.

**(ii) Қысқамерзімді сыйақылар**

Қызметкерлерге қысқамерзімді сыйақыларға қатысты міндеттеменің шамасын айқындау кезінде дисконттау қолданылмайды және тиісті шығыстар қызметкерлердің өз еңбек міндеттерін орындауына қарай танылады. Сыйлықақы төлеудің немесе пайдаға қатысудың қысқамерзімді жоспары шеңберінде төлеуге күтілетін сомаларға қатысты міндеттеме танылады, егер Компанияда қызметкердің бұрын өзінің еңбек қызметін жүзеге асыруы нәтижесінде туындаған тиісті соманы төлеу бойынша қолданыстағы құқықтық немесе сындарлы міндеттемесі болса және осы міндеттеменің шамасын сенімді бағалауға болатын болса.

**(и) Қорлар**

Қор егер бұрын болған қандай да бір оқиғаның нәтижесінде Компанияда шамасын сенімді бағалауға болатын құқықтық немесе сындарлы міндеттеме пайда болған және осы міндеттемені реттеу үшін экономикалық пайдалардың жылыстауы талап етілетін жоғары ықтималдық болған жағдайда танылады. Қордың шамасы уақыт өте келе ақша құнының өзгеруі әсерінің ағымдағы нарықтық бағалауын және осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салыққа дейінгі мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының күтілетін ағындарын дисконттау арқылы айқындалады. «Дисконтты босатуды» көрсететін сомалар қаржылық шығыстар ретінде танылады.

***Кен орындарында уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жою***

Компания жүзеге асыратын тау-кен өндірісі қоршаған ортаны қорғау мәселелерін реттейтін әртүрлі заңдар мен нормативті актілерге бағынады. Компания қорды басшылықтың қолданыстағы құқықтық талаптарды түсінуіне және Келісімшарттардың талаптарына сәйкес кен орындарында уран өндіру және барлау қызметінің салдарын жою жөніндегі міндеттеме бойынша бағалайды. Қор міндеттемелердің туындауына қарай кен орындарында уран өндіру және барлау қызметінің салдарын жою жөніндегі шығындарға арналған таза келтірілген күн негізінде қалыптастырылады. Болашақ кезеңдерде жұмсалатын нақты шығыстар қор сомасынан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Бұдан басқа, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар мен нормативтік актілердегі, кен орындарын бағалау шарттарындағы және дисконттау мөлшерлемелеріндегі болашақ өзгерістер резервтің теңгерімдік құнына әсер етуі мүмкін.

**(к) Түсім**

**(i) Дайын өнімді сату**

Сатып алушы тауар жеткізілген және межеленген бекетте қабылданған кезде дайын өнімді бақылауға алады. Шартқа сәйкес баратын жер-сатып алушының қоймасы, сатушының қоймасы, конвертер немесе қайта өңдеу зауыты. Осы сәтте шот-фактура жүзеге асырылады. Шоттар, әдетте, 30-65 күн ішінде төленуі керек.

Дайын өнімді сатуға арналған барлық шарттардың орындалуы бір міндеттемеге ие. Түсім тауар сатып алушының қоймасына, конвертерге немесе қайта өңдеу зауытына жеткізілген және қабылданған кезде танылады.

Түсім сатып алушымен жасалған шартта көрсетілген өтеу негізінде бағаланады. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес осы шарттарға қатысты түсім, түсімнің жинақтаушы қорытындысы деп танылған соманың айтарлықтай азаюы болмайтындай дәрежеде танылатын болады.

Өзінің бағалауына сүйене отырып, Компания сондай-ақ ағымдағы шарттарда қаржыландырудың маңызды құрамдас бөлігі жоқ деп санайды, өйткені мәміле бағасы мен уранның сатылатын бағасы арасында дереу ақшалай төлем жасалған жағдайда ешқандай айырмашылық жоқ, сонымен қатар міндеттеме мен төлем сәті арасындағы уақыт ұзақтығының айтарлықтай әсері жоқ.

**(ii) Қайта өңдеу қызметтері**

Компания уранды қайта өңдеу қызметтерін ұсынады. 2022 жылы келісімшарттар жасалмады.

**(iii) Тасымалдау қызметтері**

Компания уранды жеткізу орнынан Сатып алушыға соңғы Алушыға дейін тасымалдау қызметтерін ұсынады. Шарт бір жылға жасалады. Қызметтерді көрсеткені үшін шоттар орындалған жұмыстар фактісі бойынша шығындарды өтеу ретінде қайта беріледі, ол орындалған жұмыстардың тиісті актісімен расталады. Төлем 30-65 күн ішінде жүзеге асырылады.

**(л) Табыс салығы**

Табыс салығы бойынша шығыс ағымдағы табыс салығын және кейінге қалдырылған табыс салығын қамтиды. Ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салықтары бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілеге немесе тікелей меншікті капиталдың құрамында немесе өзге де жиынтық табыстың құрамында танылатын операцияларға қатысты бөлігін қоспағанда, кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

**(i) Ағымдағы салық**

Ағымдағы табыс салығы салық мөлшерлемелерінің (есепті күніндегі жағдай бойынша қолданыста болған немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген негізінде есептелген, бір жылдағы салық салынатын пайдаға немесе салық залалына қатысты төленуге немесе алынуға жататын салық сомасын, сондай-ақ өткен жылдардағы табыс салығын төлеу жөніндегі міндеттеменің шамасына барлық түзетулерді білдіреді.

**(ii) Кейінге қалдырылған салық**

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақыттық айырмашылықтарға қатысты танылады.

Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделі отырып, уақыттық айырмаларды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелеріне сүйене отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелердің сомаларын бір-біріне қарсы есептеуге заңды құқығы болса және олар бір салық салынатын кәсіпорыннан немесе әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан бір салық органы алатын табыс салығына қатысты болған жағдайда, өзара есепке алынады, бірақ бұл кәсіпорындар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін нетто-негізде реттеуге ниетті немесе олардың салық активтерін сату олардың салық міндеттемелерін өтеумен бір мезгілде жүзеге асырылатын болады.

Кейінге қалдырылған салық активі пайдаланылмаған салық залалдарына, салық несиелеріне және шегерілетін уақыттық айырмаларға қатысты салық салынатын пайда алудың оларға қарсы сатылуы мүмкін ықтималдығы жоғары шамада ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы әрбір есепті күндегі жағдай бойынша талданады және тиісті салық пайдасын өткізу ықтималды болып табылмайтын бөлігінде төмендетіледі.

**(м) Жалдау**

Шарт жасалған кезде ұйым шарттың тұтастай немесе оның жекелеген құрауыштарының жалдау шарты болып табылатындығын бағалайды.

Шарт - жалдау шарты болып табылады немесе жалдау құрауышын қамтиды, егер осы шарт бойынша белгілі бір уақыт ішінде сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы өтеудің орнына берілсе. Осы шарт бойынша сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығының берілетіндігін бағалау үшін Компания ХҚЕС-ке (IFRS) 16 сәйкес жалдау анықтамасын қолданады.

Компания активтерді төмен құны бар активтерді жалдау шарттары мен қысқа мерзімді жалдау шарттарына қатысты пайдалану құқығы мен жалдау міндеттемесі түрінде танымау туралы шешім қабылдады. Компания осындай шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде таниды.

**(н) Қаржылық кірістер мен шығыстар**

Қаржылық кірістердің құрамына инвестицияланған қаражат бойынша пайыздық кірістер және шетел валюталарының айырбастау бағамдарының өзгеруінен түсетін кірістің нетто-шамасы кіреді.

Қаржылық шығыстардың құрамына несиелер мен қарыздар, жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар, кен орындарында уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жоюға арналған қор бойынша дисконт амортизациясы, сондай-ақ шетел валюталарының айырбастау бағамдарының өзгеруінен болған шығыстың нетто-шамасы кіреді.

Пайыздық кірістер мен шығыстар пайда болған кезде пайда немесе шығын туралы және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте танылады және олардың сомасы тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

**(о) Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер**

Бірқатар жаңа стандарттар 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын, мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігі бар жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда, Компания осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық (ХҚЕС (IAS) 12 түзетулері);
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу (ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері);
- «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17;
- Есеп саясатын ашу (ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС бойынша 2 тәжірибелік ұсынымдарға түзетулер);
- Бухгалтерлік бағалауды анықтау (ХҚЕС (IAS) 8 түзетулер).

## **4 Әділ құнды анықтау**

Көптеген жағдайларда Компанияның есеп саясатының ережелері және ақпаратты ашу қағидалары қаржылық, сол сияқты қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің әділ құнын айқындауды талап етеді. Әділ құны төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып, ақпаратты бағалау және ашу мақсаттары үшін айқындалды. Бұл қай жерде қолданылады, активтің немесе міндеттеменің әділ құнын айқындау процесінде жасалған жол берулер туралы қосымша ақпарат осы активке немесе міндеттемеге қатысты түсіндірмелерде ашылады.

**(а) Сауда және өзге де дебиторлық берешек және берілген қарыздар**

Сауда және басқа да дебиторлық берешек пен берілген қарыздардың әділ құны есепті күнгі жағдай бойынша сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құны бойынша бағаланады. Сауда және басқа дебиторлық берешек және қысқа мерзімге берілген қарыздар үшін әділ құны теңгерімдік құннан айтарлықтай ерекшеленбейді, өйткені ақшаның уақыттық құнының әсері маңызды емес.

**(б) Туынды емес қаржылық міндеттемелер**

Ақпаратты ашу мақсаттары үшін ғана айқындалатын туынды емес қаржылық міндеттемелердің әділ құны негізгі сома және есепті күнгі жағдай бойынша сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған сыйақы бойынша болашақ ақша қаражаты ағындарының келтірілген құнын бағалау негізінде есептеледі. Басшылық Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны олардың теңгерімдік құнына тең деп санайды.

**(в) Үлестік құралдарға инвестициялар**

Бағасы белгіленбеген үлестік бағалы қағаздар жағдайында үлестік құралдардың әділ құны бағалау әдістерін пайдаланыла отырып айқындалады. Пайдаланылған бағалау әдісі – күтілетін ақша ағындары мен нарықтық дисконттау мөлшерлемелерін қолдана отырып, дисконтталған ақша ағындарын талдау.

## 5 Түсім

| мың теңге                                          | 2022 ж.            | 2021 ж.           |
|----------------------------------------------------|--------------------|-------------------|
| Табиғи уран тотығының шала-тотығын сату            | 130,476,159        | 90,998,734        |
| Өзге де түсім                                      | 562,480            | 588,457           |
| <b>Сатып алушылармен жасалған шарттардан түсім</b> | <b>131,038,639</b> | <b>91,587,191</b> |

2022 жыл ішінде Компания өндірілген уранның 70%-ын және 30%-ын тиісінше «TENEX-USA, INCORPORATED» (АҚШ) және ҚАО ҰАК (Қазақстан) компанияларына, (2021 жылы: 70% және 30% - тиісінше «Юраниум Уан Инк.» (Канада) және ҚАО ҰАК) сатты. Барлық кіріс тұтынушыларға өнімді беру кезінде белгілі бір уақытта танылды.

Компания сатып алушылармен жоспарланған жеткізілімдердің шамамен алғандағы көлемімен бір жылға шарттар жасайды. Уранды сату бағалары тараптар арасында келісілген жеңілдіктерге түзету арқылы спот бағаларының орташа арифметикалық мәні негізінде әрбір жеткізу бойынша тауарға бақылауды ауыстыру сәтінде айқындалады. Компания әрбір жеткізілім орындау үшін бір міндет екенін анықтады және ол бойынша кіріс тауар келісімшарттарда келісілген аумаққа жеткізілген және қабылданған кезде танылады.

Табиғи уран концентратын шала-тотық түрінде сатып алу-сату шарты шеңберінде Компания сатылған уранды Канадаға тасымалдау бойынша қызметтер көрсетті. Мұндай қызметтерге қатысты Компания орындауға жеке міндеттеме бөледі және сатып алушылармен жасалған шарттардан түскен басқа да түсімдер мен осындай қызметтерге байланысты шығыстарды – өзіндік құн құрамында таниды. Басқа да түсімдер осы қызмет бойынша 562,653 мың теңге (2021 жылы: 508,719 мың теңге) мөлшерінде кірісті камтиды.

Компания сондай-ақ тауарды сатқаннан кейін тауарды сақтау және/немесе көрсетілген орынға дейін тасымалдау міндетіне ие болуы мүмкін, алайда мұндай міндеттемелердің ұзақтығы мен тұрақсыздығына байланысты Компания мұндай қызметтер бойынша түсімді елеусіз деп есептейді және, тиісінше, осындай міндеттемелерге байланысты шығыстар елеулі болмаған жағдайларда, осындай шарттар бойынша орындауға жеке міндеттеме бөлмейді.

## 6 Өткізудің өзіндік құны

| мың теңге                                            | 2022 ж.           | 2021 ж.           |
|------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|
| Шикізат және материалдар                             | 7,570,904         | 6,221,116         |
| Жалақы бойынша шығыстар                              | 5,186,176         | 3,571,788         |
| Салықтар (ПҚӨС қоса алғанда)                         | 4,931,847         | 4,060,959         |
| Кен орнын игеру бойынша активтердің амортизациясы    | 4,439,917         | 3,876,905         |
| Тозу және амортизация                                | 1,457,384         | 1,652,896         |
| Бөгде ұйымдардың қызметтері                          | 1,290,827         | 1,081,263         |
| Демалыстар мен бонустар бойынша қор                  | 890,836           | 398,440           |
| Жалақы бойынша салықтар                              | 758,948           | 495,896           |
| Көлік шығыстары (5-ескертпе)                         | 562,653           | 508,719           |
| Геологиялық барлау бойынша активтердің амортизациясы | 210,402           | 216,792           |
| Техникалық қызмет көрсету және жөндеу                | 180,078           | 150,545           |
| Ион алмастырғыш шайырды өтеу                         | 167,386           | 164,140           |
| Қорлар бойынша активтердің амортизациясы             | 18,234            | (46,388)          |
| Өзгелері                                             | 788,456           | 676,580           |
|                                                      | <b>28,454,048</b> | <b>23,029,651</b> |

## 7 Өткізу бойынша шығыстар

| мың теңге                                | 2022 ж.        | 2021 ж.        |
|------------------------------------------|----------------|----------------|
| Дайын өнімді тасымалдау бойынша шығыстар | 632,478        | 520,760        |
| Жалақы бойынша шығыстар                  | 32,441         | 30,977         |
| Жалақы бойынша салықтар                  | 3,223          | 2,788          |
| Өзгелері                                 | 8,448          | 9,143          |
|                                          | <b>676,590</b> | <b>563,668</b> |

Дайын өнімге бақылау құқығы белгілі бір межелі жерге тасымалдағаннан кейін ауысқан жағдайларда, Компания оны тасымалдауға байланысты шығыстарды өткізу жөніндегі шығыстардың құрамында таниды.

## 8 Әкімшілік шығыстар

| мың теңге                                                                 | 2022 ж.          | 2021 ж.        |
|---------------------------------------------------------------------------|------------------|----------------|
| Жалақы бойынша шығыстар                                                   | 488,871          | 429,763        |
| Бөгде ұйымдардың қызметтері                                               | 354,900          | 251,199        |
| Жалақы бойынша салықтар                                                   | 49,075           | 40,293         |
| Тозу және амортизация                                                     | 34,181           | 39,697         |
| Шикізат және материалдар                                                  | 18,132           | 23,531         |
| Мүшелік жарналар                                                          | 18,069           | 16,871         |
| Демеушілік және қайырымдылық көмек                                        | 5,623            | 7,446          |
| Сауда дебиторлық берешегінің құнсыздануынан болатын шығынға қорды есептеу | -                | 1,746          |
| Демалыстар мен бонустар бойынша қорды есептеу/(түзетпе)                   | 1,650            | (10,607)       |
| Өзгелері                                                                  | 46,034           | 51,816         |
|                                                                           | <b>1,016,535</b> | <b>851,755</b> |

## 9 Қызметкерлерге жұмсалатын шығындар

| мың теңге                                      | 2022 ж.          | 2021 ж.          |
|------------------------------------------------|------------------|------------------|
| Қызметкерлерге еңбекақы төлеу                  | 6,284,443        | 4,495,919        |
| Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар    | 504,508          | 347,631          |
| Міндетті кәсіби зейнетақы жарналары            | 213,483          | 140,106          |
| Әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті жарналар | 143,831          | 58,685           |
|                                                | <b>7,146,265</b> | <b>5,042,341</b> |

2022 жылы қызметкерлерге жұмсалған шығындар өндірілген өнімнің өзіндік құнының құрамында 6,572,655 мың теңге сомасында (2021 жылы: 4,538,520 мың теңге), әкімшілік шығыстарда 537,946 мың теңге сомасында (2021 жылы: 470,056 мың теңге) және сату бойынша шығыстарда 35,664 мың теңге сомасында (2021 жылы: 33,765 мың теңге) көрсетілді.

## 10 Қаржылық кірістер мен шығындар

| мың теңге                                                                            | 2022 ж.            | 2021 ж.            |
|--------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------|
| Депозиттер бойынша пайыздық кіріс                                                    | 654,671            | 380,524            |
| Қаржы активтері бойынша шығынға резервті қайта бағалау нетто-шамасы                  | 15,572             | 18,009             |
| <b>Қаржылық кіріс</b>                                                                | <b>670,243</b>     | <b>398,533</b>     |
| Несиелер мен қарыздар бойынша пайыздық және өзге де қаржылық шығыстар (19-ескертпе)  | (954,408)          | (902,569)          |
| Қорлар бойынша дисконтты босату (20-ескертпе)                                        | (340,154)          | (304,527)          |
| Сауда дебиторлық берешегі бойынша резервті шығынға қайта бағалау нетто-шамасы        | (1,762)            | (2,234)            |
| Шетел валюталарының айырбастау бағамдарының өзгеруінен болатын шығынның нетто-шамасы | (1,429,368)        | (180,759)          |
| <b>Қаржылық шығындар</b>                                                             | <b>(2,725,692)</b> | <b>(1,390,089)</b> |
| <b>Таза қаржылық шығындар</b>                                                        | <b>(2,055,449)</b> | <b>(991,556)</b>   |

## 11 Табыс салығы бойынша шығыс

Компания үшін қолданылатын салық мөлшерлемесі 2022 жылы 20% (2021 жылы: 20%) құрайды, бұл қазақстандық Компаниялардың табыс салығының мөлшерлемесін білдіреді.

| мың теңге                                                | 2022 ж.           | 2021 ж.           |
|----------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|
| <b>Ағымдағы салық бойынша шығыс</b>                      |                   |                   |
| Ағымдағы салық                                           | 20,422,395        | 13,299,211        |
| Өткен жылдарға қатысты түзетулер                         | 1,245,774         | 54,602            |
| <b>Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыс</b>           |                   |                   |
| Уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және қалпына келуі | 37,836            | (143,626)         |
|                                                          | <b>21,706,005</b> | <b>13,210,187</b> |

**Тиімді салық мөлшерлемесін салыстыру:**

|                                                                      | 2022 ж.           |              | 2021 ж.           |              |
|----------------------------------------------------------------------|-------------------|--------------|-------------------|--------------|
|                                                                      | мың теңге         | %            | мың теңге         | %            |
| <b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>                                | <b>97,820,435</b> | <b>100.0</b> | <b>65,686,766</b> | <b>100.0</b> |
| Табыс салығының қолданылатын салық мөлшерлемесі бойынша табыс салығы | 19,564,087        | 20.0         | 13,137,353        | 20.0         |
| Шегерілмейтін шығыстар                                               | 896,144           | 0.9          | 18,232            | -            |
| Өткен жылдарға қатысты түзетулер                                     | 1,245,774         | 1.3          | 54,602            | 0.1          |
|                                                                      | <b>21,706,005</b> | <b>22.2</b>  | <b>13,210,187</b> | <b>20.1</b>  |

2016-2020 жылдардағы кешенді салықтық тексеру нәтижелері бойынша сыйақы және несиелер мен қарыздар бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстар шегерімдерден алынып тасталды, бұл өткен кезеңдер үшін жалпы сомасы 884,119 мың теңгеге корпоративтік табыс салығын қосымша есептеуге әкелді (23 (б) Ескертпе). Дәйекті түрде, мұндай шығындар 2022 жылы да шегерімге жатқызылған жоқ.

**(а) Танылған кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері**

Қазақстанның ағымдағы салық заңнамасына сәйкес, Компания келісімшарттық және келісімшарттан тыс қызметі бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті. Бұл ретте келісімшарттық қызметі бойынша салық салынатын кіріс уранның өнімді ерітіндісінің 20%-ға ұлғайтылған өзіндік құнын негізге ала отырып айқындалады, ал келісімшарттан тыс қызмет бойынша салық салынатын кіріс дайын өнімді сатудан алынған нақты кіріс пен келісімшарттық қызметі бойынша кіріс арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері былайша ұсынылуы мүмкін:

|                                        | Активтер         |                | Міндеттемелер    |                 | Нетто-шама     |                |
|----------------------------------------|------------------|----------------|------------------|-----------------|----------------|----------------|
|                                        | 2022 ж.          | 2021 ж.        | 2022 ж.          | 2021 ж.         | 2022 ж.        | 2021 ж.        |
|                                        | 31 желтоқсан     | 31 желтоқсан   | 31 желтоқсан     | 31 желтоқсан    | 31 желтоқсан   | 31 желтоқсан   |
| <b>мың теңге</b>                       |                  |                |                  |                 |                |                |
| Материалдық емес активтер              | -                | -              | (9,025)          | (10,620)        | (9,025)        | (10,620)       |
| Негізгі құралдар                       | 39,039           | 32,701         | -                | -               | 39,039         | 32,701         |
| Қызмет салдарларын жою бойынша актив   | -                | -              | (677,271)        | (15,480)        | (677,271)      | (15,480)       |
| Тарихи шығындарды өтеу бойынша актив   | -                | -              | (14,356)         | (16,488)        | (14,356)       | (16,488)       |
| Демалыстар мен бонустар бойынша қор    | 115,599          | 57,371         | -                | -               | 115,599        | 57,371         |
| Салықтар                               | 293,155          | 243,367        | -                | -               | 293,155        | 243,367        |
| Қорлар                                 | 536,425          | 29,064         | -                | -               | 536,425        | 29,064         |
| Қорлардың құнсыздануы бойынша қор      | 23,342           | 25,687         | -                | -               | 23,342         | 25,687         |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 1,601            | 1,553          | -                | -               | 1,601          | 1,553          |
| Басқа да кредиторлық берешек           | 9,461            | 8,651          | -                | -               | 9,461          | 8,651          |
|                                        | <b>1,018,622</b> | <b>398,394</b> | <b>(700,652)</b> | <b>(42,588)</b> | <b>317,970</b> | <b>355,806</b> |

**(б) Жыл ішіндегі уақытша айырмалар қозғалысы**

| <b>мың теңге</b>                       | <b>2022 ж.<br/>1 қаңтар</b> | <b>Пайданың<br/>немесе<br/>шығынның<br/>құрамында<br/>танылған</b> | <b>2022 ж.<br/>31 желтоқсан</b> |
|----------------------------------------|-----------------------------|--------------------------------------------------------------------|---------------------------------|
| Материалдық емес активтер              | (10,620)                    | 1,595                                                              | (9,025)                         |
| Негізгі құралдар                       | 32,701                      | 6,338                                                              | 39,039                          |
| Қызмет салдарларын жою бойынша актив   | (15,480)                    | (661,791)                                                          | (677,271)                       |
| Тарихи шығындарды өтеу бойынша актив   | (16,488)                    | 2,132                                                              | (14,356)                        |
| Демалыстар мен бонустар бойынша қор    | 57,371                      | 58,228                                                             | 115,599                         |
| Салықтар                               | 243,367                     | 49,788                                                             | 293,155                         |
| Қорлар                                 | 29,064                      | 507,361                                                            | 536,425                         |
| Қорлардың құнсыздануы бойынша қор      | 25,687                      | (2,345)                                                            | 23,342                          |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 1,553                       | 48                                                                 | 1,601                           |
| Басқа да кредиторлық берешек           | 8,651                       | 810                                                                | 9,461                           |
|                                        | <b>355,806</b>              | <b>(37,836)</b>                                                    | <b>317,970</b>                  |

| <b>мың теңге</b>                       | <b>2021 ж.<br/>1 қаңтар</b> | <b>Пайданың<br/>немесе<br/>шығынның<br/>құрамында<br/>танылған</b> | <b>2021 ж.<br/>31 желтоқсан</b> |
|----------------------------------------|-----------------------------|--------------------------------------------------------------------|---------------------------------|
| Материалдық емес активтер              | (11,838)                    | 1,218                                                              | (10,620)                        |
| Негізгі құралдар                       | (16,209)                    | 48,910                                                             | 32,701                          |
| Қызмет салдарларын жою бойынша актив   | (5,256)                     | (10,224)                                                           | (15,480)                        |
| Тарихи шығындарды өтеу бойынша актив   | (18,745)                    | 2,257                                                              | (16,488)                        |
| Демалыстар мен бонустар бойынша қор    | 52,531                      | 4,840                                                              | 57,371                          |
| Салықтар                               | 158,925                     | 84,442                                                             | 243,367                         |
| Қорлар                                 | 25,515                      | 3,549                                                              | 29,064                          |
| Қорлардың құнсыздануы бойынша қор      | 20,018                      | 5,669                                                              | 25,687                          |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 1,184                       | 369                                                                | 1,553                           |
| Басқа да кредиторлық берешек           | 6,055                       | 2,596                                                              | 8,651                           |
|                                        | <b>212,180</b>              | <b>143,626</b>                                                     | <b>355,806</b>                  |

## 12 Кен орнын игеру бойынша активтер

Ыңғай кен орнының 4-учаскесін мен Ақдала кен орнының игеру бойынша активтер пайдалы қазбаларды өндіруге және игеруге байланысты активтер ретінде жіктеледі.

| мың теңге                                                | Қызмет салдарын<br>жою жөніндегі<br>актив | Тарихи<br>шығындарды өтеу<br>жөніндегі<br>актив | Кен орнын игеру<br>бойынша<br>активтер | Геологиялық<br>барлау активтері | Ион<br>алмастырғыш<br>шайыры | Барлығы             |
|----------------------------------------------------------|-------------------------------------------|-------------------------------------------------|----------------------------------------|---------------------------------|------------------------------|---------------------|
| 2021 жылғы 1 қаңтарға                                    | 26,278                                    | 93,723                                          | 10,996,975                             | 7,422,005                       | 2,283,035                    | 20,822,016          |
| Түсімдер                                                 | -                                         | -                                               | 3,593,789                              | -                               | 333,552                      | 3,927,341           |
| Амортизация                                              | (2,420)                                   | (11,284)                                        | (3,871,029)                            | (217,118)                       | (166,260)                    | (4,268,111)         |
| Бағалаудағы өзгеріс (20-ескерту)                         | 53,542                                    | -                                               | 9,891                                  | -                               | -                            | 63,433              |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>                         | <b>77,400</b>                             | <b>82,439</b>                                   | <b>10,729,626</b>                      | <b>7,204,887</b>                | <b>2,450,327</b>             | <b>20,544,679</b>   |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға                                    | 77,400                                    | 82,439                                          | 10,729,626                             | 7,204,887                       | 2,450,327                    | 20,544,679          |
| Түсімдер                                                 | -                                         | -                                               | 6,043,751                              | -                               | 414,498                      | 6,458,249           |
| Амортизация                                              | (7,846)                                   | (10,660)                                        | (4,499,773)                            | (210,136)                       | (168,083)                    | (4,896,498)         |
| Бағалаудағы өзгеріс (20-ескерту)                         | 3,316,802                                 | -                                               | (336,925)                              | -                               | -                            | 2,979,877           |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>                         | <b>3,386,356</b>                          | <b>71,779</b>                                   | <b>11,936,679</b>                      | <b>6,994,751</b>                | <b>2,696,742</b>             | <b>25,086,307</b>   |
| 2021 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны                | 909,003                                   | 201,548                                         | 36,995,481                             | 9,351,194                       | 3,246,760                    | 50,703,986          |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны</b>         | <b>4,225,806</b>                          | <b>201,548</b>                                  | <b>42,442,301</b>                      | <b>9,351,194</b>                | <b>3,661,257</b>             | <b>59,882,106</b>   |
| 2021 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған амортизация        | <b>(831,603)</b>                          | <b>(119,109)</b>                                | <b>(26,265,855)</b>                    | <b>(2,146,307)</b>              | <b>(796,433)</b>             | <b>(30,159,307)</b> |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған амортизация</b> | <b>(839,450)</b>                          | <b>(129,769)</b>                                | <b>(30,505,622)</b>                    | <b>(2,356,443)</b>              | <b>(964,515)</b>             | <b>(34,795,799)</b> |

Амортизациялық есептеулер өндірілген өнімнің өзіндік құнының құрамында 4,896,498 мың теңге сомасында көрсетілді (2021 жылы: 4,268,111 мың теңге).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кен орнын игеру бойынша толық амортизацияланған, бірақ пайдаланудағы активтердің құны 16,480,475 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 14,490,411 мың теңге).

## 13 Негізгі құралдар

| мың теңге                                    | Ғимараттар және құрылыстар | Машиналар мен жабдықтар | Көлік құралдары және басқалары | Құрылыс кезеңінде | Барлығы             |
|----------------------------------------------|----------------------------|-------------------------|--------------------------------|-------------------|---------------------|
| <b>Бастапқы құны</b>                         |                            |                         |                                |                   |                     |
| 2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық               | 13,988,594                 | 4,912,276               | 1,150,064                      | 564,506           | 20,615,440          |
| Түсімдер                                     | -                          | 329,803                 | 152,920                        | 1,378,912         | 1,861,635           |
| Шығу                                         | -                          | (73,334)                | (4,666)                        | (18,678)          | (96,678)            |
| Құрылыс сатысында активтерден аудару         | 148,194                    | 127,757                 | 136,769                        | (412,720)         | -                   |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>    | <b>14,136,788</b>          | <b>5,296,502</b>        | <b>1,435,087</b>               | <b>1,512,020</b>  | <b>22,380,397</b>   |
| 2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық               | 14,136,788                 | 5,296,502               | 1,435,087                      | 1,512,020         | 22,380,397          |
| Түсімдер                                     | -                          | 356,930                 | 37,180                         | 1,974,952         | 2,369,062           |
| Шығу                                         | -                          | (12,150)                | (45,083)                       | -                 | (57,233)            |
| Құрылыс сатысында активтерден аудару         | 476,803                    | 366,489                 | 200,823                        | (1,044,115)       | -                   |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>    | <b>14,613,591</b>          | <b>6,007,771</b>        | <b>1,628,007</b>               | <b>2,442,857</b>  | <b>24,692,226</b>   |
| <b>Амортизация және құнсыздану шығындары</b> |                            |                         |                                |                   |                     |
| 2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық               | (6,086,589)                | (3,325,213)             | (707,577)                      | -                 | (10,119,379)        |
| Бір жылдағы амортизация                      | (1,040,665)                | (504,889)               | (117,422)                      | -                 | (1,662,976)         |
| Құнсызданудан болған шығын                   | -                          | -                       | -                              | (3,555)           | (3,555)             |
| Шығу                                         | -                          | 68,592                  | 4,418                          | -                 | 73,010              |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>    | <b>(7,127,254)</b>         | <b>(3,761,510)</b>      | <b>(820,581)</b>               | <b>(3,555)</b>    | <b>(11,712,900)</b> |
| 2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық               | (7,127,254)                | (3,761,510)             | (820,581)                      | (3,555)           | (11,712,900)        |
| Бір жылдағы амортизация                      | (981,648)                  | (384,561)               | (113,545)                      | -                 | (1,479,754)         |
| Шығу                                         | -                          | 11,994                  | 32,230                         | -                 | 44,224              |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>    | <b>(8,108,902)</b>         | <b>(4,134,077)</b>      | <b>(901,896)</b>               | <b>(3,555)</b>    | <b>(13,148,430)</b> |
| <b>Теңгерімдік құны</b>                      |                            |                         |                                |                   |                     |
| <b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>             | <b>7,009,534</b>           | <b>1,534,992</b>        | <b>614,506</b>                 | <b>1,508,465</b>  | <b>10,667,497</b>   |
| <b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>             | <b>6,504,689</b>           | <b>1,873,694</b>        | <b>726,111</b>                 | <b>2,439,302</b>  | <b>11,543,796</b>   |

Амортизациялық аударымдар өндірілген өнімнің өзіндік құнының құрамында 1,450,108 мың теңге (2021 жылы: 1,627,647 мың теңге) және әкімшілік шығыстардың құрамында 29,646 мың теңге (2021 жылы: 35,329 мың теңге) сомасында көрсетілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған, бірақ пайдаланудағы негізгі құралдардың құны 966,162 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 748,342 мың теңге).

## 14 Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттары

| мың теңге                             | 2022 ж.<br>31 желтоқсан | 2021 ж.<br>31 желтоқсан |
|---------------------------------------|-------------------------|-------------------------|
| Тарату қоры бойынша Депозит           | 4,363,572               | 3,308,022               |
| Депозит бойынша сыйақы                | 3,239                   | 2,716                   |
| Кепілдегі ақша қаражаты (19-ескерту)  | -                       | 1,000                   |
|                                       | <b>4,366,811</b>        | <b>3,311,738</b>        |
| Құнсызданудан шығынға арналған резерв | (15,481)                | (25,602)                |
|                                       | <b>4,351,330</b>        | <b>3,286,136</b>        |

Пайдалануы шектелген ақша қаражаты Келісімшарттардың талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою үшін қаражатты жинақтауға ашылған депозиттік шоттағы ұзақмерзімді салымдарды білдіреді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты «Қазақстан Халық Банкі» АҚ депозиттік шотында болды (2021 жылғы 31 желтоқсанда: тиісінше «Альфа Банк» ЕБ АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ).

Компанияның қаржы активтеріне қатысты несиелік, валюталық тәуекелдерге ұшырауы және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі туралы ақпарат 22-ескертпеде ашылған.

## 15 Босалқы қорлар

| мың теңге                 | 2022 ж.<br>31 желтоқсан | 2021 ж.<br>31 желтоқсан |
|---------------------------|-------------------------|-------------------------|
| Шикізат және материалдар  | 1,328,430               | 871,979                 |
| Аяқталмаған өндіріс       | 1,074,248               | 986,106                 |
| Дайын өнім                | 953,539                 | 780,571                 |
| Құнсыздану бойынша Резерв | (116,710)               | (128,434)               |
|                           | <b>3,239,507</b>        | <b>2,510,222</b>        |

## 16 Сауда және өзге де дебиторлық берешек

| мың теңге                                            | 2022 ж.<br>31 желтоқсан | 2021 ж.<br>31 желтоқсан |
|------------------------------------------------------|-------------------------|-------------------------|
| Амортизацияланған құн бойынша байланысты тараптардың |                         |                         |
| Сауда дебиторлық берешегі                            | 59,032,756              | 22,950,816              |
| Басқа дебиторлық берешек                             | 197,408                 | 42,756                  |
|                                                      | <b>59,230,164</b>       | <b>22,993,572</b>       |
| Құнсызданудан шығынға арналған қор                   | (8,003)                 | (7,762)                 |
| <b>Қаржы активтерінің жиыны</b>                      | <b>59,222,161</b>       | <b>22,985,810</b>       |
| Өтеуге ҚҚС                                           | 354,754                 | 42,822                  |
| Басқа берешек                                        | 299,843                 | 237,105                 |
| <b>Қаржылық емес активтердің жиыны</b>               | <b>654,597</b>          | <b>279,927</b>          |
|                                                      | <b>59,876,758</b>       | <b>23,265,737</b>       |

Сауда және өзге дебиторлық берешек 2022 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі валюталарда көрсетілді:

| мың теңге   | 2022 ж.<br>31 желтоқсан | 2021 ж.<br>31 желтоқсан |
|-------------|-------------------------|-------------------------|
| АҚШ доллары | 46,493,293              | 21,081,380              |
| Теңге       | 13,383,465              | 2,184,357               |
|             | <b>59,876,758</b>       | <b>23,265,737</b>       |

Компанияның қаржы активтеріне қатысты кредиттік және валюталық тәуекелдерге ұшырауы туралы ақпарат 22-ескертпеде берілген.

## 17 Ақша қаражаты және олардың баламалары

|                                       | 2022 ж.<br>31 желтоқсан | 2021 ж.<br>31 желтоқсан |
|---------------------------------------|-------------------------|-------------------------|
| мың. теңге                            |                         |                         |
| Банктердегі ақша қаражаты-АҚШ доллары | 10,994,820              | 17,312,529              |
| Банктердегі ақша қаражаты-теңге       | 2,861,768               | 13,772,864              |
|                                       | <b>13,856,588</b>       | <b>31,085,393</b>       |
| Құнсызданудан шығынға арналған Резерв | (1,947)                 | (5,881)                 |
|                                       | <b>13,854,641</b>       | <b>31,079,512</b>       |

Компанияның қаржы активтеріне қатысты кредиттік, валюталық тәуекелдерге ұшырауы және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі туралы ақпарат 22-ескертпеде берілген.

## 18 Меншікті капитал

### (а) Жарғылық капитал

|                              | 2022 ж.<br>31 желтоқсан | Үлесі       | 2021 ж.<br>31 желтоқсан | Үлесі       |
|------------------------------|-------------------------|-------------|-------------------------|-------------|
| мың теңге                    |                         |             |                         |             |
| Ураниум Уан Роттердам Би.Ви. | 44,800                  | 70%         | 44,800                  | 70%         |
| ҚАӨ ҰАК                      | 19,200                  | 30%         | 19,200                  | 30%         |
|                              | <b>64,000</b>           | <b>100%</b> | <b>64,000</b>           | <b>100%</b> |

### (б) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания қатысушыларының Компания қорларын бөлу құқығы ҚЕХС-қа сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық (бухгалтерлік) есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайданың шамасымен шектеледі. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның бөлуге қолжетімді қорлары 76,599,032 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 52,405,957 мың теңге).

Қатысушылардың жалпы жиналысы 2022 жылы таза кірісті келесідей бөлу туралы шешім қабылдады:

1. Ыңғай кен орнының 4 учаскесіндегі №1800 барлау және өндіру келісімшарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін тарату қоры 555,225 мың теңге сомасында толықтырылсын;
2. 2021 жылғы таза кіріс сомасының 98.94%-ы Компанияға қатысушылар арасында 51,921,355 мың теңге сомасында бөлінсін (2021 жылы: 2020 жылғы таза кіріс сомасының 100%-ы - 41,531,522 мың теңге сомасында).

2021 жылға бөлінген таза кіріс сомасы қатысушыларға 2022 жылы олардың әрқайсысының қатысу үлесіне сәйкес 51,921,355 мың теңге мөлшерінде толық төленді.

2020 жылға бөлінген таза кіріс сомасы қатысушыларға 2021 жылы олардың әрқайсысының қатысу үлесіне сәйкес 41,531,522 мың теңге мөлшерінде толық төленді.

2021 жылы компания Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 645-бабы 9-т. 5-тш. қолданды, оған сәйкес бірқатар шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғалар төлейтін дивидендтер салық салуға жатпайды. Нәтижесінде Компания салық органына қосымша түзетілген декларациялар беріп, төлем көзінен бұрын қатысушы Ураниум Уан Роттердам Би.Ви.-ге 2018-2020 жылдары жарияланған дивидендтерді төлеу кезінде ұсталған 2,435,048 мың теңге сомасындағы корпоративтік табыс салығын қайтарды. Бұл салық 2021 жылы қатысушыға толық көлемде төленді.

### (в) Өзге де қорлар

Өзге қорлар Компанияның өз қалауы бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жіктелген үлестік инвестициялардың әділ құнындағы өзгерістердің нетто-шамасын көрсетеді.

## 19 Несиелер мен қарыздар

Осы ескертпеде Компанияның амортизацияланған құны бойынша бағаланатын пайыздық қарыздары мен несиелері бойынша тиісті келісімдердің шарттары туралы ақпарат берілген. Компанияның пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырауы туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 22-ескертпеде берілген.

| мың. теңге                                                                 | 2022 ж.<br>31 желтоқсан | 2021 ж.<br>31 желтоқсан |
|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------|-------------------------|
| <b>Ұзақмерзімді міндеттемелер</b>                                          |                         |                         |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан қамтамасыз етілген қарыз                    | 3,286,223               | 2,665,755               |
| «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-дан қамтамасыз етілген қарыз                            | -                       | 4,979,588               |
|                                                                            | <b>3,286,223</b>        | <b>7,645,343</b>        |
| <b>Қысқамерзімді міндеттемелер</b>                                         |                         |                         |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан қамтамасыз етілген қарыздың ағымдағы бөлігі | 21,906,319              | 18,804,307              |
| «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-дан қамтамасыз етілген қарыздың ағымдағы бөлігі         | -                       | 3,184,841               |
| Төлеуге пайыздар                                                           | 13,633                  | 12,749                  |
|                                                                            | <b>21,919,952</b>       | <b>22,001,897</b>       |
|                                                                            | <b>25,206,175</b>       | <b>29,647,240</b>       |

### Борышты өтеу шарттары және төлемдер кестесі

Өтелмеген қарыздар бойынша төлемдердің шарттары мен мерзімдері мынадай болды:

| мың. теңге                                              | Валюта    | Атаулы пайыздық мөлшер-<br>леме, % | Өтеу жылы | 2022 ж.<br>31 желтоқсан |                   | 2021 ж.<br>31 желтоқсан |                   |
|---------------------------------------------------------|-----------|------------------------------------|-----------|-------------------------|-------------------|-------------------------|-------------------|
|                                                         |           |                                    |           | Атаулы құны             | Теңгерім-дік құны | Атаулы құны             | Теңгерім-дік құны |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан қамтамасыз етілген қарыз | АҚШ долл. | 3.4 - 6.5                          | 2022-2025 | 25,192,543              | 25,206,175        | 21,470,062              | 21,479,234        |
| «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-дан қамтамасыз етілген қарыз         | АҚШ долл. | 3.5 – 4.6                          | 2022-2023 | -                       | -                 | 8,164,429               | 8,168,006         |
| <b>Пайыздық міндеттемелер жиыны</b>                     |           |                                    |           | <b>25,192,543</b>       | <b>25,206,175</b> | <b>29,634,491</b>       | <b>29,647,240</b> |

### «Альфа-Банк» ЕБ АҚ

2018 жыл ішінде Компания «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-мен жылдық 4.6% пайыздық мөлшерлеменен 20 миллион АҚШ доллары мөлшерінде ұзақмерзімді банктік қарыз беруге несиелік келісім жасасты, оның өтеу мерзімі 2022-2023 жылдары басталады. Осы несиелік келісім шеңберінде 2019 жылғы наурызда Компания 7 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (2,645,930 мың теңгеге баламалы) екінші транш алды.

2020 жыл ішінде Компания 4,292 мың АҚШ доллары (1,772,320 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде негізгі борышын өтеген. 2020 жылғы 11 қыркүйекте Компания пайыздық мөлшерлемені 4.6%-дан 4.4%-ға дейін төмендету, 2020 жылғы 30 қарашада – пайыздық мөлшерлемені 4.4%-дан 4.1%-ға дейін төмендету, 2020 жылғы 10 желтоқсанда – пайыздық мөлшерлемені 4.1%-дан 3.5%-ға дейін төмендету үшін несиелік келісімге қосымша келісімге қол қойды. Пайыздық мөлшерлемені өзгерту несиелік келісімнің талаптарында көзделген болатын.

2021 жыл ішінде Компания 18 ай мерзімге 9,250 мың АҚШ доллары (4,020,050 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде үшінші траншты алды, сондай-ақ 4,292 мың АҚШ доллары (1,825,793 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде негізгі борышын өтеді.

2022 жылғы 18 сәуірде негізгі борыш пен сыйақының толық сомасы 9,642 мың АҚШ доллары (4,380,254 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде мерзімінен бұрын өтелді. 2022 жылғы 20 сәуірде Компания «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-мен кредиттік келісімді бұзу туралы келісімге қол қойды.

Осы несиені кепілзатпен қамтамасыз ету ретінде Компания ағымдағы шоттағы 1,000 мың теңге мөлшеріндегі ақша қаражатын пайдаланды (14-ескертпе). Қосымша кепіл ретінде ҚАӨ ҰАК-мен жасалған табиғи уран концентратын тотық шала -тотығы түрінде сатып алу-сату туралы шарттан түскен ақша болып табылады.

#### **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**

2019 жылғы ақпанда Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жылдық 4.8% пайыздық мөлшерлеменен 65 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылатын несиелік келісімге қол қойды, оның өтеу мерзімі 2023 жылғы желтоқсанға белгіленген. Осы несиелік келісім шеңберінде, 2019 жылы Компания жалпы сомасы 56.4 миллион АҚШ долларына (21,474,782 мың теңгеге баламалы) транштар алды, жалпы сомасы 20.8 миллион АҚШ долларына (8,679,533 мың теңгеге баламалы) транштар өтелді.

2020 жылғы 2 наурызда Компания пайыздық мөлшерлемені 4.8%-дан 4%-ға дейін төмендету үшін несиелік келісімге жасалған қосымша келісімге қол қойды. Пайыздық мөлшерлемені өзгерту несиелік келісім шарттарында қарастырылған. 2020 жыл ішінде Компания 18 ай мерзімге жалпы сомасы 63,498 мың АҚШ долларына (26,187,697 мың теңгеге баламалы) 55 траншты алды, жалпы сомасы 49,654 мың АҚШ долларына (20,701,938 мың теңгеге баламалы) траншты өтеді.

2021 жылғы 17 наурызда Компания пайыздық мөлшерлемені 4%-дан 3.4%-ға дейін төмендету үшін несиелік келісімге жасалған қосымша келісімге қол қойды. Пайыздық мөлшерлемені өзгерту несиелік келісім шарттарында қарастырылған. 2021 жыл ішінде Компания 18 ай мерзімге жалпы сомасы 60,909 мың АҚШ долларына (25,986,684 мың теңгеге баламалы) 39 траншты алды, жалпы сомасы 60,433 мың АҚШ долларына (25,705,979 мың теңгеге баламалы) траншты өтеді.

2022 жылғы 6 мамырда Компания кредиттік лимитті 77,000 мың АҚШ долларына дейін ұлғайтуға арналған кредиттік келісімге жасалған қосымша келісімге қол қойды, оның ішінде 65,000 мың АҚШ доллары жаңартылатын негізде және 12,000 мың АҚШ доллары – жаңартылмайтын негізде ұсынылды.

2022 жылғы 27 қазанда Компания пайыздық мөлшерлемені келесі шарттармен көтеруге арналған кредиттік келісімге жасалған қосымша келісімге қол қойды: транш мерзімі 18 айға дейін болғанда – 3.4%–дан 4.75%-ға дейін, транш мерзіміне 36 айға дейін болғанда - 6.5% мөлшерінде. Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі несиелік келісім шарттарында қарастырылған.

2022 жыл ішінде Компания 18-36 ай мерзімге жалпы сомасы 69,379 мың АҚШ долларына (32,175,010 мың теңгеге баламалы) 57 транш алды, жалпы сомасы 65,357 мың АҚШ долларына (30,247,003 мың теңгеге баламалы) транштарды өтеді. Операциялық транштар шеңберіндегі кредиттік желінің мерзімі 2025 жылғы 27 қаңтарға дейін, инвестициялық траншеялар шеңберінде – 2024 жылғы 18 тамызға дейін ұзартылды.

2022 жылғы 6 мамырдағы қосымша келісімге сәйкес, «TENEX-USA, INCORPORATED» компаниясымен табиғи уран концентратын тотық шала-тотық түрінде сатып алу-сату туралы шарттан түскен ақшалай қаражат осы кредитті кепілмен қамтамасыз ету ретінде әрекет етеді (2021 жылы: «Юраниум Уан Инк.» компаниясымен жасалған шарттан түскен ақшалай қаражат кепілмен қамтамасыз ету ретінде әрекет етті).

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен жасалған кредиттік келісімнің, сондай-ақ 2022 жылғы 18 сәуірде мерзімінен бұрын өтелген «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-мен жасалған кредиттік келісімнің талаптарына сәйкес Компания әр жылдың соңында сақтауы тиіс бірқатар борыштық ковенанттар бар. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания барлық ковенанттарды орындады (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: барлық келісімдерді орындады)

Қаржылық қызметтен міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру

| <b>мың теңге</b>                                                                  | <b>2022 ж.</b>     | <b>2021 ж.</b>    |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------|-------------------|
| <b>1 қаңтарға қалдық</b>                                                          | <b>29,647,240</b>  | <b>26,619,371</b> |
| <b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарына байланысты өзгерістер</b>            |                    |                   |
| Қарыз қаражатын тарту                                                             | 32,175,011         | 30,006,734        |
| Қарыз қаражаты бойынша төлемдер                                                   | (39,182,990)       | (27,531,772)      |
| Несиелер мен қарыздарды алу жөніндегі мәмілені жүзеге асыруға байланысты шығындар | (11,434)           | -                 |
| <b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындарына байланысты өзгерістер жиыны</b>      | <b>(7,019,413)</b> | <b>2,474,962</b>  |
| <b>Шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеруінің әсері</b>                  | <b>2,568,048</b>   | <b>559,096</b>    |
| <b>Өзге де өзгерістер</b>                                                         |                    |                   |
| <i>Міндеттемелерге байланыстылары</i>                                             |                    |                   |
| Пайыздық шығыс                                                                    | 954,408            | 902,569           |
| Төленген пайыздар                                                                 | (944,108)          | (908,758)         |
| <b>Міндеттемелерге байланысты өзге де өзгерістер жиыны</b>                        | <b>10,300</b>      | <b>(6,189)</b>    |
| <b>31 желтоқсанға қалдық</b>                                                      | <b>25,206,175</b>  | <b>29,647,240</b> |

## 20 Қорлар

**Кен орындарында уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жоюға арналған қор**

| <b>мың теңге</b>                  | <b>2022 ж.</b>   | <b>2021 ж.</b>   |
|-----------------------------------|------------------|------------------|
| Жыл басында                       | 3,453,341        | 3,085,381        |
| Бағалаудағы өзгеріс (12-ескертпе) | 2,979,877        | 63,433           |
| Дисконтты босату (10-ескертпе)    | 340,154          | 304,527          |
| <b>Жыл соңында</b>                | <b>6,773,372</b> | <b>3,453,341</b> |

Келісімшарттарға сәйкес, Компанияның келісімшарттық аумақта уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жою бойынша міндеттемелері бар, олар кен орындары объектілеріндегі жою жұмыстарын (ұңғымаларды, технологиялық құбырларды, ғимараттар мен құрылыстарды жою, төмен радиоактивті қалдықтарды қатерсіздендіру және көму және т. б.); шаруашылық қызмет процесінде пайдаланылған жер учаскелеріндегі топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру жұмыстарын; топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде қоршаған ортаның мониторингін; рекультивациялық жұмыстарды жүргізу кезіндегі қоршаған орта мониторингі; пострекультивациялық бақылау бақылауды және басқа да іс-шараларды қамтиды.

2022 жыл ішінде Компания уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жою бағдарламаларын (бұдан әрі – «Бағдарламалар») жаңарту үшін «Жоғары технологиялар институты» ЖШС тәуелсіз сарапшысын тартты. Ыңғай кен орнының 4-учаскесі мен Ақдала кен орны үшін жаңа бағдарламалар бойынша дисконтталмаған шығындардың жалпы сомасы тиісінше 8,059,707 мың теңгені (ҚҚС-сыз) және 5,828,565 мың теңгені (ҚҚС-сыз) құрады және болашақ жұмыстардың/жою шығындарының көлемі мен құнын бағалау жөніндегі неғұрлым егжей-тегжейлі әдіснаманың негізінде есептелді. Шығындардың көп бөлігі кеніштердің пайдалы қызмет ету мерзімінің соңында жұмсалады деп есептеледі, бұл уран қорлары толық алынғанға дейін күтілетін мерзім – Ақдала кен орны үшін 2026 жыл және Ыңғай кен орнының 4-учаскесі үшін 2057 жыл.

Төменде бағалаудың өзгеруіне айтарлықтай әсер еткен негізгі болжамдар мен жағдайлар келтірілген:

- Ағымдағы бағдарлама арнайы мақсаттағы полигондарда төмен радиоактивті қалдықтарды (бұдан әрі – «ТРАҚ») әкетуді және көмуді көздейді, ал алдыңғы бағдарлама Ақдала кен орнының аумағында радиоактивті қалдықтарды көму пунктін салуды көздейді. Ыңғай кен орнының 4-учаскесі мен Ақдала кен орны үшін жаңа бағдарламалар бойынша ТРАҚ-ны әкету және көму бойынша шығындардың жалпы сомасы тиісінше 2,110,997 мың теңгені (ҚҚС-сыз) және 1,286,019 мың теңгені (ҚҚС-сыз) құрады.
- Жою шығындарының жалпы сомасы Қазақстандағы ағымдағы экономикалық жағдайға байланысты алдыңғы бағдарламалардың көрсеткіштерінен айтарлықтай ерекшеленетін бағалардың жаңаруы салдарынан ұлғайды. Бағалар «АВС» бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде жаңартылды, онда сметалық нормалар мен Қазақстандағы құрылыс, жөндеу-құрылысы мен бөлшектеу және басқа да жұмыстарға арналған бірыңғай бағалар анықтамалығын қамтиды.
- Болашақ күтілетін ақша ағындары 11.55% дисконттау мөлшерлемесі бойынша міндеттеменің келтірілген құнын есептеу үшін дисконтталды (2021 жылы: 9.85%), инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейі 5.99% деңгейінде анықталды (2021 жылы: 5.12%).

Компания сондай-ақ Келісімшарттардың талаптарына сәйкес кен орындарында уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жою жөніндегі болашақ қызметті қаржыландыру үшін банкте ұзақ мерзімді депозитке ақша қаражатын енгізуге міндетті (14-ескертпе).

Қазақстан Республикасындағы міндеттемелердің ұзақмерзімді сипатын және кен орындарында уранды барлау және өндіру қызметінің салдарын жою жөніндегі шектеулі тәжірибені ескере отырып, жоғарыда көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыру барысында жұмсалатын шығыстардың нақты сомасына, қолданылатын іс-шаралар жоспарына және осындай болашақ міндеттемелердің келтірілген құнына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіне қатысты белгісіздік бар.

## 21 Сауда және өзге де кредиторлық берешек

| мың теңге                                       | 2022 жылғы<br>31 желтоқсан | 2021 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Үшінші тараптарға саудалық несиелік берешек     | 4,444,170                  | 2,856,678                  |
| Байланысты тараптарға саудалық несиелік берешек | 1,708,309                  | 495,764                    |
| Төлеуге салынатын салықтары                     | 1,538,666                  | 1,383,276                  |
| Демалыс және бонустар бойынша қор               | 577,993                    | 334,770                    |
| Кепілдікті ұстап қалу                           | 491,216                    | 697,807                    |
| Өзге берешектер                                 | 238,518                    | 383,033                    |
|                                                 | <b>8,998,872</b>           | <b>6,151,328</b>           |

## 22 Қаржы құралдары

Компанияның әдеттегі қызметі барысында кездесетін негізгі тәуекелдері валюта айырбастау бағамдарындағы өзгерістер тәуекелдеріне, пайыздық мөлшерлемелерге және несиелік тәуекелге жатады. Компания осы тәуекелдерді барынша азайту үшін хеджирлеу құралдарын пайдаланбайды.

### (а) Негізгі тәсілдерге шолу

Қаржы құралдарын пайдалану Компанияны мынадай тәуекел түрлеріне ұшыратады:

- несиелік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел.

Осы ескертпеде Компанияның көрсетілген тәуекелдердің әрқайсысына ұшырағыштығы туралы, Компанияның мақсаттары, оның саясаты мен осы тәуекелдерді бағалау және басқару рәсімдері туралы және Компанияның капиталды басқару тәсілдері туралы ақпарат берілген. Сандық сипаттағы қосымша ақпарат осы қаржылық есептіліктің бүкіл мәтіні бойында ашылады.

### **Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидалары**

Байқау кеңесі Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға және осы жүйенің жұмыс істеуін қадағалауға толық жауап береді. Компанияда Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет құрылмаған, сондықтан Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын әзірлеуге және оның жүргізілуін қадағалауға басшылық жауапты. Басшылық Байқау кеңесінің алдында өз жұмысы туралы тұрақты түрде есеп береді.

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтау және талдау, тәуекелдің рұқсат етілген шекті мәндерін және тиісті бақылау тетіктерін белгілеу мақсатында, сондай-ақ тәуекелдерді мониторингітеу және белгіленген шектеулерді сақтау үшін әзірленді. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйелері Компанияның нарықтық жағдайлары мен қызметіндегі өзгерістерге байланысты өзгерістер енгізу қажеттілігі тұрғысынан үнемі талданады. Компания барлық қызметкерлер өздерінің рөлі мен міндеттерін түсінетін жүйелі және тиімді бақылау жүйесін құру мақсатында оқыту мен басқарудың стандарттары мен рәсімдерін белгілейді.

Компанияның қаржы құралдары дебиторлық және кредиторлық берешектен, несиелер мен қарыздардан, қолма-қол ақша мен олардың баламаларынан және пайдалануға шектелген қолма-қол ақшадан тұрады. Компанияның қаржы құралдарына қатысты есеп саясаты 3(в)-ескертпеде ашылған. Компания алыпсатарлық операцияларда қаржы құралдарын пайдаланбайды және тәуекелдерге ұшырағыштықты хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Кредит тәуекеліне, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекеліне ұшырау Компанияның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында туындайды.

### **(б) Кредит тәуекелі**

Несиелік тәуекел - бұл сатып алушының немесе контрагенттің қаржы құралы бойынша өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауынан туындаған Компанияның қаржылық шығынға ұшырау қаупі. Бұл тәуекел негізінен Компанияның сатып алушыларының сауда дебиторлық берешегіне байланысты.

### **Несиелік тәуекелге ұшырағыштық**

Қаржы активтерінің теңгерімдік құны Компанияның несиелік тәуекелге ұшыраған ең жоғары шамасын көрсетеді. Есепті күнгі жағдай бойынша несиелік тәуекелдің ең жоғары деңгейі мынаны құрады:

| <b>мың теңге</b>                      | <b>2022 ж.</b>      | <b>2021 ж.</b>      |
|---------------------------------------|---------------------|---------------------|
|                                       | <b>31 желтоқсан</b> | <b>31 желтоқсан</b> |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек | 59,222,161          | 22,985,810          |
| Ақша қаражаты және оның баламалары    | 13,854,641          | 31,079,512          |
| Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты   | 4,351,330           | 3,286,136           |
|                                       | <b>77,428,132</b>   | <b>57,351,458</b>   |

### **(i) Сауда және өзге де дебиторлық берешек**

Компанияның несиелік тәуекелге ұшырағыштығы негізінен әр сатып алушының жеке сипаттамаларына байланысты. Компанияның барлық кірісі негізінен екі сатып алушыға сатудан тұрады. Түсімнің шоғырлануы туралы толық ақпарат 5-ескертпеде берілген.

Сатып алушылардың 100%-ы компанияның байланысты тараптары болып табылады (2021 жылы: сатып алушылардың 100%-ы) және бұл клиенттердің шоттары бойынша қалдықтар есептен шығарылған да, есепті күнге несиелік құнсызданған да емес.

Компанияның сауда және өзге дебиторлық берешектерге қатысты несиелік тәуекелге ұшырауын талдау төменде келтірілген:

|                                                                                                                                              | <b>2022 ж.<br/>31 желтоқсан</b>                             | <b>2021 ж.<br/>31 желтоқсан</b>                             |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                              | <b>Несиелік-<br/>құнсызданған<br/>болып<br/>табылмайтын</b> | <b>Несиелік-<br/>құнсызданған<br/>болып<br/>табылмайтын</b> |
| <b>мың теңге</b>                                                                                                                             |                                                             |                                                             |
| Сыртқы немесе берілген Moody 's несиелік рейтингі Baa3 төмен емес немесе Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің рейтингі BBB төмен емес - | 59,032,756                                                  | 22,950,816                                                  |
| Өзге де клиенттер:                                                                                                                           |                                                             |                                                             |
| — Компаниямен сауда қатынастарының ұзақтығы 3 жылдан асады                                                                                   | 197,408                                                     | 42,756                                                      |
| <b>Жалпы теңгерімдік құн жиыны</b>                                                                                                           | <b>59,230,164</b>                                           | <b>22,993,572</b>                                           |
| Құнсызданудан болатын шығын қоры                                                                                                             | (8,003)                                                     | (7,762)                                                     |
|                                                                                                                                              | <b>59,222,161</b>                                           | <b>22,985,810</b>                                           |

**(ii) Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің деректері бойынша, BBB- рейтингісі бар банктерде (2021 жылғы 31 желтоқсан: BBB және BB рейтингі бар банктерде) орналастырылған жалпы сомасы 4,363,572 мың теңгеге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 3,309,022 мың теңге) пайдалануы шектеулі ақшалай қаражат болды (14-ескертпе).

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының құнсыздануы 12 айлық күтілетін несиелік шығындар негізінде бағаланды және тәуекелге ұшыраған жайнасымдардың қысқа мерзімдерін көрсетеді. Компания контрагенттердің сыртқы несиелік рейтингтеріне сүйене отырып, қолда бар, пайдаланылуы шектеулі ақша қаражатының несиелік тәуекелі төмен деп санайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға арналған қордың сомасы 15,481 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 25,602 мың теңге).

**(iii) Ақша қаражаты және оның баламалары**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда жалпы сомасы 13,856,588 мың теңгеге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 31,085,393 мың теңге) ақша қаражаты мен олардың баламалары болды. Ақша қаражаты мен олардың баламалары Standard & Poor's рейтингтік агенттіктің мәліметі бойынша BB- тен BBB-ге дейінгі рейтингі бар банктер мен қаржы институттарында орналастырылады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: B+ дан BBB ға дейінгі рейтингі бар банктерде).

Ақша қаражатының және олардың баламаларының құнсыздануы тәуекелге ұшыраған жайнасымдардың қысқа мерзімдерін көрсететін келісімшарттық өтеу мерзімдеріне сәйкес күтілетін несиелік шығындар негізінде бағаланды. Компания контрагенттердің сыртқы несиелік рейтингтерін негізге ала отырып, қолда бар ақша қаражаты мен олардың баламаларының несиелік тәуекелі төмен деп санайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға арналған қордың сомасы 1,947 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 5,881 мың теңге).

**(v) Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияның өтеу мерзімі басталған кезде өзінің қаржылық міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі. Компанияның өтімділікті басқаруға деген көзқарасы қалыпты және шиеленісті жағдайларда, қолайсыз шығындардың немесе Компанияның беделіне нұқсан келтіру қаупінің туындауын болдырмай, олардың мерзімінің басталуына қарай өз міндеттемелерін орындау үшін мүмкіндігінше жеткілікті өтімділікпен тұрақты қамтамасыз ету болып табылады.

Әдетте Компания 60 күн ішінде өтеуге жататын болжамды операциялық шығыстарды және келісімшарттық мерзімдерге сәйкес қаржылық міндеттемелерді төлеу үшін бірінші талап ету бойынша ақша қаражатының жеткілікті сомасын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды; бұл ретте негіздеп болжау мүмкін болмайтын табиғи зілзала сияқты төтенше жағдайлардың ықтимал әсері жоққа шығарылады.

Төменде есепті күнге қаржылық міндеттемелерді өтеудің қалған шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген. Пайыздық төлемдердің есептелген сомаларын қоса алғанда, жалпы және дисконтталмаған сомалар ұсынылған. Өтеу мерзімдерін талдауға енгізілген ақша қаражатының ағындарына қатысты олар уақыт бойынша әлдеқайда ертерек немесе айтарлықтай ерекшеленетін сомаларда туындауы мүмкін деп болжанбайды.

**2022 ж.**

**31 желтоқсан**

| мың теңге                      | Теңгерімдік<br>құны | Шарт бойынша ақша ағындары |                     |                     |                    |
|--------------------------------|---------------------|----------------------------|---------------------|---------------------|--------------------|
|                                |                     | Жиыны                      | 0-3 ай              | 3 ай - 1 жыл        | 1-5 жыл            |
| <b>Қаржылық міндеттемелер:</b> |                     |                            |                     |                     |                    |
| Сауда және өзге де             |                     |                            |                     |                     |                    |
| кредиторлық берешек            | (6,882,213)         | (6,882,213)                | (6,628,450)         | (238,217)           | (15,546)           |
| Несиелер мен қарыздар          | (25,206,175)        | (25,694,095)               | (7,731,675)         | (14,628,948)        | (3,333,471)        |
| <b>Барлығы</b>                 | <b>(32,088,388)</b> | <b>(32,576,308)</b>        | <b>(14,446,902)</b> | <b>(14,867,165)</b> | <b>(3,349,017)</b> |

**2021 ж.**

**31 желтоқсан**

| мың теңге                      | Теңгерімдік<br>құны | Шарт бойынша ақша ағындары |                     |                     |                    |
|--------------------------------|---------------------|----------------------------|---------------------|---------------------|--------------------|
|                                |                     | Жиыны                      | 0-3 ай              | 3 ай - 1 жыл        | 1-5 жыл            |
| <b>Қаржылық міндеттемелер:</b> |                     |                            |                     |                     |                    |
| Сауда және өзге де             |                     |                            |                     |                     |                    |
| кредиторлық берешек            | (4,433,282)         | (4,433,282)                | (4,243,490)         | (137,953)           | (51,839)           |
| Несиелер мен қарыздар          | (29,647,240)        | (30,380,744)               | (6,997,533)         | (15,606,739)        | (7,776,472)        |
| <b>Барлығы</b>                 | <b>(34,080,522)</b> | <b>(34,814,026)</b>        | <b>(11,241,023)</b> | <b>(15,744,692)</b> | <b>(7,828,311)</b> |

**(г) Капиталды және қаржылық тәуекелдерді басқару**

Компания үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін капиталды басқаруды жүзеге асырады. Компания капиталының құрылымына Компанияның меншікті капиталы (шығарылған капитал, бөлінбеген пайданы қамтиды) кіреді. Компания сырттан капиталға қойылатын қандай да бір талаптарға ұшырамаған. Компания басшылығы жыл сайын Компания капиталының құрылымын қарайды. Осы бағалау негізінде Компания жарғылық капиталды ұлғайту арқылы капиталдың жалпы құрылымын теңдестіру шараларын қолданады.

**(д) Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі, мысалы, споттық баға белгілеулер, шетел валюталарының айырбас бағамдары, сыйақы мөлшерлемелері және акция бағаларының өзгеруі Компанияның пайдасына немесе ондағы қаржы құралдарының құнына теріс әсер ететін тәуекел. Нарықтық тәуекелді басқарудың мақсаты нарықтық тәуекелге ұшырауды бақылау және инвестициялардың кірістілігін оңтайландыруға қол жеткізе отырып, оны қолайлы шектерде ұстау болып табылады.

Компанияның нарықтық тәуекелдерін басқару мақсатында туынды құралдарды сатып алуды және сатуды жүзеге асырмайды, сондай-ақ өзіне қаржылық міндеттемелер алмайды.

Компания кезең ішіндегі пайда немесе шығын көрсеткішінің өзгермелілігін реттеу мақсатында хеджирлеу операцияларын есепке алудың арнайы ережелерін қолданбайды.

**(i) Нарықтық бағаның өзгеру тәуекелі**

Компания халықаралық нарықтарда АҚШ долларымен бағаланатын уранның нарықтық бағасының ауытқуына ұшырайды. Компания болашақта уран бағасының әртүрлі деңгейіне сүйене отырып, жылдық бюджетті дайындайды. Уранның бағасы тарихи тұрғыдан айтарлықтай шекте ауытқиды және табиғи уранды өндіру деңгейін, ұсыныс пен артық сұраныс арасындағы алшақтықты жабу үшін қолда бар қайта өңдеуге арналған жоғары байытылған уран қоспалары сияқты қайталама көздердің сарқылу дәрежесін, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік қабылдайтын нормативтік актілерді, сондай-ақ нақты уранға қатысты басқа да факторларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Компанияның бақылауынан тыс көптеген факторларға бейім.

Есепті күнгі жағдай бойынша Компания таныған қаржы активтері мен міндеттемелеріне қатысты кейінгі кезеңде бағаның өзгеруі тәуекелінің елеулі әсері болған жоқ.

Компания өзінің уран бағасының ауытқу тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

**(ii) Валюталық тәуекел**

Компания сату, сатып алу және қарыздар көрсетілген валюталар мен Компанияның тиісті атқарымдық валютасының арасында сәйкессіздік болған дәрежеде валюталық тәуекелге ұшырайды. Аталған операциялар негізінен АҚШ долларымен көрсетілген.

Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерге қатысты Компания қысқамерзімді теңгерімсіздікті жою үшін қажет болған кезде «спот» бағамдары бойынша шетел валютасын сатып алу немесе сату арқылы жол берілетін шектерде тәуекелге ұшыраған нетто-жайғасымды ұстап тұруға тырысады.

**Валюталық тәуекелге ұшырағыштық**

Номиналды шамаларға сүйене отырып, компанияның валюталық тәуекелге ұшырағыштығы мынадай болды:

|                                       | Ескертпе | АҚШ долларымен<br>көрсетілген | АҚШ долларымен<br>көрсетілген |
|---------------------------------------|----------|-------------------------------|-------------------------------|
|                                       |          | 2022 ж.<br>31 желтоқсан       | 2021 ж.<br>31 желтоқсан       |
| <b>мың теңге</b>                      |          |                               |                               |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек | 16       | 46,493,394                    | 21,081,380                    |
| Ақша қаражаты және оның баламалары    | 17       | 10,994,820                    | 17,312,529                    |
| Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты   | 14       | 4,351,330                     | 3,285,136                     |
| Несиелер мен қарыздар                 | 19       | (25,206,175)                  | (29,647,240)                  |
| <b>Таза ұшырағыштық</b>               |          | <b>36,633,369</b>             | <b>12,031,805</b>             |

Кезең ішінде шетел валюталарын айырбастаудың мынадай бағамдары қолданылды:

| теңгемен      | Орташа<br>мөлшерлеме | Есепті күнге<br>«спот»<br>айырбастау<br>бағамы | Орташа<br>мөлшерлеме | Есепті күнге<br>«спот»<br>айырбастау<br>бағамы |
|---------------|----------------------|------------------------------------------------|----------------------|------------------------------------------------|
|               |                      | 2022 жылғы                                     |                      | 2021 жылғы                                     |
|               |                      | 31 желтоқсан                                   |                      | 31 желтоқсан                                   |
| 1 АҚШ доллары | 460.85               | 462.65                                         | 426.03               | 431.80                                         |

**Сезімталдықты талдау**

Теңге бағамының құнсыздануы, төменде көрсетілгендей, 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларына қатысты төменде көрсетілген сомаларға салықтарды шегергендегі кезең ішіндегі пайданың шамасын ұлғайтар еді. Бұл талдамалық ақпарат Компания есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша мүмкін деп санайтын валюта бағамдарының ауытқуларына негізделген. Бұл талдау барлық басқа айнымалылар, атап айтқанда сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады деген болжам негізінде жүргізілді.

**мың теңге**

| <b>Пайда немесе залал</b> |                                 |
|---------------------------|---------------------------------|
| <b>Пайда немесе залал</b> | <b>Теңге бағамының әлсіреуі</b> |

**2022 ж. 31 желтоқсан**

Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы (өзгеріс 20%)

(5,861,339)      5,861,339

**2021 ж. 31 желтоқсан**

Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы (өзгеріс 20%)

(1,925,089)      1,925,089

**(iii) Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру қаупі**

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі негізінен олардың әділ құнын (сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелер) не олар бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарын (сыйақының ауыспалы мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелер) өзгерте отырып, өзге де қаржылық міндеттемелерге әсер етеді. Компания басшылығында Компанияның пайыздық мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелдері белгіленген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелер арасында қандай арақатынаста бөлінуі тиіс деген бөлігінде нысандандырылған саясат жоқ. Алайда, жаңа несиелер мен қарыздарды тарту кезінде басшылық өзінің кәсіби пайымдаулары негізінде өтеу мерзімі басталғанға дейін күтілетін кезең ішінде Компания үшін қандай пайыздық мөлшерлеме – тіркелген немесе ауыспалы мөлшерлеме неғұрлым тиімді болатыны туралы мәселені шешеді.

**Құрылымы**

Есепті күні Компанияның пайыздық мөлшерлемелерінің түрлері бойынша топтастырылған пайыздық қаржы құралдарының құрылымы мынадай болды:

| <b>Мөлшерлемесі белгіленген қаржы құралдары</b>  | <b>Теңгерімдік құны</b> | <b>Теңгерімдік құны</b> |
|--------------------------------------------------|-------------------------|-------------------------|
|                                                  | <b>2022 ж.</b>          | <b>2021 ж.</b>          |
| <b>мың теңге</b>                                 | <b>31 желтоқсан</b>     | <b>31 желтоқсан</b>     |
| Пайдалануы шектеулі ақша қаражаты (14-ескертпе)  | 4,348,091               | 3,282,420               |
| Ақша қаражаты және оның баламалары (17-ескертпе) | -                       | 3,500,000               |
| Несиелер мен қарыздар (19-ескертпе)              | (25,206,175)            | (29,647,240)            |
|                                                  | <b>(20,858,084)</b>     | <b>(22,864,820)</b>     |

**Белгіленген пайыздық мөлшерлемедегі қаржы құралдарының әділ құнның өзгеруіне сезімталдығын талдау**

Компания өзгерістері пайда немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын құралдар үшін не сату үшін қолда бар құралдар үшін көзделген тәртіппен пайыздың тіркелген мөлшерлемесі бар қандай да бір қаржы құралдарын ескермейді. Сондықтан есепті күнге пайыз мөлшерлемелерінің қандай да бір өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың шамасына немесе меншікті капиталдың шамасына әсер етпес еді.

**(e) Әділ құны**

Компания басшылығы қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құнын шамамен олардың теңгерімдік құнына тең деп санайды. Әділ құны бағалау және ашу мақсаттары үшін мынадай тәсілдер негізінде айқындалды:

**Әділ құн иерархиясы**

Әділ құнды анықтаудың мынадай деңгейлері бөліп көрсетіледі:

- 1-деңгей: ұқсас активтерге немесе міндеттемелерге қатысты (тікелей) нарықтық баға белгіленімдері пайдаланылады;
- 2-деңгей: бастапқы деректер ретінде 1-деңгейге жатқызылған баға белгілеулерден басқа, тиісті актив немесе міндеттеме бойынша тікелей (яғни тікелей бағалар) не жанама түрде (яғни бағаларға негізделген деректер) байқалатын нарықтық параметрлер пайдаланылады;

- 3-деңгей: тиісті актив немесе міндеттеме бойынша пайдаланылатын бастапқы параметрлер бақыланатын нарықтардан алынған деректерге негізделмеген (бақыланбайтын бастапқы параметрлер).

Компания сату үшін қолда бар қаржы активтерінен басқа, қаржы активтері мен міндеттемелерінің құнын әділ құн иерархиясының 2-Деңгейіне жатқызады;

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның «Уранэнерго» ЖШС-да 7.07% мөлшеріндегі үлесі бар (2021 жылғы 31 желтоқсан: 7.07%), оған қор биржасында баға белгіленбейді және осы инвестиция 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестиция ретінде ескеріледі. Акциялар нарығындағы белсенділіктің төмен болуына байланысты бағаларды бақыланатын нарықтық бағалармен салыстыру жүргізілген жоқ. Оның орнына Компания кейбір бастапқы параметрлер бақыланбайтын модельді қолданады. Нәтижесінде, бұл инвестиция әділ құн иерархиясындағы 3-деңгейге жатқызылған.

## **23 Шартты активтер мен міндеттемелер**

### **(а) Сақтандыру**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандырудың көптеген нысандары Қазақстан Республикасында әлі қолжетімді емес. Компанияның өзінің өндірістік құрылыстарына, өндірістің тоқтап қалуынан туындаған залалдарға немесе апаттар немесе Компания қызметінің нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тараптар алдында туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру қорғанысы жоқ. Компания толық сақтандыру өтеміне ие болғанға дейін белгілі бір активтердің жоғалуы немесе зақымдануы Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін деген қауіп бар.

Компания мүліктің зақымдануы, жалпы жауапкершілік салдарынан қаржылық тәуекелді азайту үшін сақтандыру полистерін, сондай-ақ қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыратын және медициналық шығындарды жабатын полистерді тұрақты негізде сатып алады.

### **(б) Салық міндеттемесі**

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа болғандықтан, көбінесе анық жазылмаған және қарама-қайшы келетін заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулер мен сот шешімдерінің жиі өзгерістерімен сипатталады, бұл оларды ҚЕХС-қа сәйкес кірістерді, шығыстарды және қаржылық есептіліктің өзге де баптарын есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қоса алғанда, әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне жол береді. Салықтардың дұрыс есептелуіне қатысты тексерулермен және тергеулермен ірі айыппұлдар салуға және пайыздар алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл мән-жайлар Қазақстандағы салықтық тәуекелдердің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына алып келуі мүмкін. Компания басшылығы қолданыстағы салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін түсінуіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық көлемде көрсетілген деп санайды. Соған қарамастан, тиісті органдардың осы ережелерді түсіндіруі өзгеше болуы мүмкін және, егер олар өз ұстанымдарының заңдылығын дәлелдей алса, бұл осы қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

### ***Кешенді салық тексеруі***

2021 жылғы сәуірде Компания 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге жоспардан тыс кешенді салықтық тексеру жүргізу туралы 2021 жылғы 6 сәуірдегі №28 Нұсқаманы алды, оған соңында 2021 жылғы 16 қыркүйектегі Қосымша нұсқамаға сәйкес 2020 жыл енгізілді. Тексеруге жататын салықтарға мыналар кірді: корпоративтік табыс салығы («КТС»), резидент еместерге төлем көзіндегі табыс салығы, қосылған құн салығы («ҚҚС»), пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС), мүлікке салынатын салық, көлік құралдарына салынатын салық, жеке табыс салығы.

2021 жылғы 29 желтоқсанда Компания осы салықтық тексерудің нәтижелері бойынша алдын ала актіні алды, онда алдын ала айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептемегенде, 1,270 миллион теңге мөлшерінде қосымша салық міндеттемелері қоса есептелді. Несиелер мен қарыздарға байланысты шегерімдерге қатысты алдын ала актіге берілген қарсылық нәтижесінде Компания 2022 жылғы наурызда айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептемегенде 1,221 миллион теңге сомасында құжаттық салықтық тексеру актісін және салық міндеттемелерін қосымша есептеу туралы хабарлама алды.

2022 жылғы 19 сәуірде компания Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне (бұдан әрі – «ҚМ») 1,126 миллион теңге сомасында қосымша есептелген КТС бөлігінде салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым берді.

ҚМ-ның 2022 жылғы 12 қыркүйектегі шешімімен шағым қанағаттандырылмады және шағымданған хабарлама өзгеріссіз қалды. Нәтижесінде, 2022 жылдың 13 қыркүйегінде Компания қосымша есептелген салық міндеттемелерінің сомасын толығымен төледі.

### ***Трансферттік баға белгілеу жөніндегі заңнама***

«Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы №67-IV Заңы (бұдан әрі – «ТББ туралы Заң») трансшекаралық операцияларда және трансшекаралық операцияларға байланысты мәмілелерде мемлекеттік кіріс шығынын болдырмау мақсатында трансферттік баға белгілеу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

ТББ туралы Заңмен бақыланатын табиғи уран концентратының экспорты бойынша мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Компания «Табиғи уран концентратына баға белгілеу қағидаларын (әдістемесін) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 ақпандағы №74 қаулысын (бұдан әрі – «Әдістеме») басшылыққа алады. Әдістеменің ережелері коммерциялық шарттарда және табиғи уран концентратын сатып алу-сатуға арналған келісімшарттарға сәйкес жасалатын мәмілелер бойынша табиғи уран концентратын өткізу бағаларын айқындау (есептеу) тәртібін белгілейді.

«Табиғи уран концентратына баға белгілеу қағидаларын (әдістемесін) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 ақпандағы № 74 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 маусымдағы №361 Қаулысына сәйкес, табиғи уран концентратын сатып алушы және/немесе Қытай Халық Республикасының аумағына уран жеткізуге арналған көліктік дифференциал Қытай ядролық энергетика өнеркәсібі (CNEIC) корпорациясының ресми құжатымен расталады.

Табыс салығы бойынша өз міндеттемелерін бағалау процесінде Компания басшылығы ТББ туралы Заңның ережелері мен Әдістеменің талаптарына сүйенеді және ауытқулар анықталған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді.

2021 жылдың ішінде Компания 2016-2018 жылдардағы трансферттік баға белгілеу бойынша тақырыптық салықтық тексеруді бастады, ол осы қаржылық есептілікті дайындау күніне тоқтатылды және Компания салық органдары бойынша алдын ала түсініктемелер алған жоқ. ТБ туралы Заңға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес уәкілетті орган трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексеру жүргізу кезінде мәмілеге қатысушылардан қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін, оның ішінде мәміленің бағасын және дифференциалды растайтын құжаттарды сұратуға құқылы. Компания уәкілетті органның осындай талабын алған жағдайда, Компания барлық талап етілетін құжаттарды заңнамада белгіленген мерзімде ұсынуға мүмкіндігі бар деп санайды.

**(в) Қоршаған ортаны қорғау**

Компания қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында қолданылатын қоршаған ортаны қорғауға қатысты барлық заңдар мен нормативтік актілерді сақтайды деп есептейді. Алайда қазақстандық заңдар мен нормативтік актілер болашақта өзгеруі мүмкін. Компания қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңдар мен нормативтік актілердегі ықтимал өзгерістердің мерзімдерін немесе ауқымын болжай алмайды. Мұндай өзгерістер орын алған жағдайда компаниядан неғұрлым қатаң нормаларға сай болу үшін өзінің техникалық базасын жаңғыртуды жүргізу талап етілуі мүмкін.

**Өтемдік отырғызу**

Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 54-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттік орман қоры учаскелерін уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтісіздендіру әдісімен өндіру үшін пайдаланған кезде жер қойнауын игерудің алғашқы үш жылы бойы пайдаланылатын учаскенің екі есе мөлшерінде орман екпелерін өтемдік отырғызуды және орман жабылған алаңға ауыстырылғанға дейін оларды күтіп-ұстауды жүргізуге міндетті.

Осы бапқа сәйкес Компания уран өндіру үшін 938 гектар мөлшерінде «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің» мемлекеттік орман қорының жер учаскесіне рұқсат алу процесінде. 2022 жылғы 22 қыркүйекте Компания орман қоры жерлерінің иесі «Жасыл Аймақ» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен Түркістан қаласының айналасына сексеуіл көшеттері мен жапырақты екпелерді отырғызу бойынша қызметтер көрсету жөнінде келісім жасасты, оның құны 1,390 миллион теңге мөлшерінде айқындалды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жер учаскесінде тау-кен дайындау жұмыстары жүргізілген жоқ, осыған байланысты міндеттеме жасалмады. Компания Түркістан облысы әкімдігінен рұқсат алғаннан кейін уран өндіру үшін жер учаскесін әзірлеуді бастай алады. Осы қаржылық есептілікті дайындау күніне рұқсат алынбады.

**(г) Жұмыс бағдарламасын сақтау**

Жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттардың талаптарына сәйкес Компания қазақстандық мамандарды кәсіптік оқытуға және өнімнің әлеуметтік саласын дамытуға арналған ақшалай қаражат жарналары, болашақта учаскені қалпына келтіру жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында арнайы шотқа ақшалай қаражат жарналары, өндірудің жылдық көлемін сақтау және т. б. сияқты белгілі бір қаржылық және қаржылық емес міндеттемелерді сақтауға міндетті. Компания осы міндеттемелерді сақтамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – «Құзыретті орган») жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшартты кері қайтарып ала алады.

Компания есепті күнге жер қойнауын пайдалануға арналған Келісімшарттар шеңберінде жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді сақтайды деп есептейді.

## **24 Байланысты тараптар**

**(а) Бақылау қатынастары**

Ураниум Уан Роттердам Би.Ви. Компанияның бақылаушы қатысушысы, оның бақылаушы акционері «Росатом» атом энергиясы жөніндегі мемлекеттік корпорациясы («Росатом») болып табылады. Росатомның соңғы бақылаушы тарапы Ресей Федерациясының Үкіметі болып табылады.

ҚАӨ ҰАК бақылаушы акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады, оны өз кезегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайды. ҚАӨ ҰАК ашық қолжетімді қаржылық есептілікті ұсынады.

**(б) Байланысты тараптардың қатысуымен жасалған операциялар**

Кезең ішінде Компания байланысты тараптармен бірқатар мәмілелер жасады:

**«Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» бірлескен кәсіпорны» ЖШС**  
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікке ескертпелер

|                                                                             | Сатылым-<br>дар | Қызмет-<br>терді<br>сатып алу | Өндірістік<br>және өзге<br>активтерді<br>сатып алу | Сатылым-<br>дар | Қызмет-<br>терді<br>сатып алу | Өндірістік<br>және өзге<br>активтерді<br>сатып алу |
|-----------------------------------------------------------------------------|-----------------|-------------------------------|----------------------------------------------------|-----------------|-------------------------------|----------------------------------------------------|
| мың теңге                                                                   | 2022ж.          | 2022 ж.                       | 2022 ж.                                            | 2021 ж.         | 2021 ж.                       | 2021 ж.                                            |
| TENEX-USA,<br>INCORPORATED                                                  | 90,842,112      | -                             | -                                                  | -               | -                             | -                                                  |
| ҚАӨ ҰАК                                                                     | 40,196,700      | 14,333                        | -                                                  | 25,028,431      | 38,868                        | -                                                  |
| Қатысушылардың<br>жалпы немесе<br>бірлескен<br>бақылауындағы<br>компаниялар | 94,080          | 1,841,699                     | 4,764,263                                          | 210,491         | 2,362,512                     | 1,725,826                                          |
| Юраниум Уан<br>Инк.                                                         | -               | -                             | -                                                  | 66,479,022      | -                             | -                                                  |

Есепті кезеңнің соңына төлеуге/алуға арналған теңгерімдер:

|                                                                       | Байланысты<br>тараптардың<br>дебиторлық<br>берешегі | Байланысты<br>тараптарға<br>кредиторлық<br>берешегі | Байланысты<br>тараптардың<br>дебиторлық<br>берешегі | Байланысты<br>тараптарға<br>кредиторлық<br>берешегі |
|-----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| мың теңге                                                             | 2022 ж.<br>31 желтоқсан                             | 2022 ж.<br>31 желтоқсан                             | 2021 ж.<br>31 желтоқсан                             | 2021 ж.<br>31 желтоқсан                             |
| TENEX-USA,<br>INCORPORATED                                            | 46,493,293                                          | -                                                   | -                                                   | -                                                   |
| ҚАӨ ҰАК                                                               | 12,606,981                                          | 1,154                                               | 1,869,436                                           | 41,892                                              |
| Қатысушылардың жалпы<br>немесе бірлескен<br>бақылауындағы компаниялар | 125,594                                             | 1,713,449                                           | 35,612                                              | 453,872                                             |
| Юраниум Уан Инк.                                                      | -                                                   | -                                                   | 21,081,380                                          | -                                                   |

**Дивидендтер**

| мың теңге   | 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы мәміле сомасы |              | 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есеп айырысулардың қалдығы |         |
|-------------|------------------------------------------------|--------------|------------------------------------------------------------|---------|
|             | 2022 ж.                                        | 2021 ж.      | 2022 ж.                                                    | 2021 ж. |
| Қатысушылар | (51,921,355)                                   | (43,966,570) | -                                                          | -       |

**(в) Басшы қызметкерлерге сыйақы**

Директорлар мен өзге басшы қызметкерлердің сыйақысы есепті жылы қызметкерлерге арналған шығындар құрамында көрсетілген мынадай сомаларды құрады (9 ескертпе):

| мың теңге                | 2022 ж.       | 2021 ж.       |
|--------------------------|---------------|---------------|
| Жалақы және сыйлықақылар | 76,098        | 59,648        |
| Жалақы бойынша салықтар  | 5,876         | 5,103         |
|                          | <b>81,974</b> | <b>64,751</b> |

**(г) Мемлекеттік билік органдарымен және мемлекет бақылайтын компаниялармен жасалатын операциялар**

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында мемлекеттік билік органдарымен және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы бақылайтын компаниялармен операцияларды жүзеге асырады. Бұл операциялар басқа контрагенттермен жасалған операциялардың шарттарымен салыстырылатын шарттармен жүзеге асырылды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда «Сбербанк» АҚ ЕБ шоттарында 3,510,857 мың теңге мөлшерінде ақша қаражаты мен олардың баламалары болды. «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің жалғыз акционері – Ресей Федерациясының Орталық банкі бақылайтын «Сбербанк» ЖАҚ болып табылған. 2022 жыл ішінде «Сбербанк» АҚ ЕБ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингімен сатып алынып, «Bereke Bank» АҚ болып аты өзгертілді. Есепті күні «Bereke Bank» АҚ шоттарындағы ақша қаражаттары мен олардың баламаларының қалдықтары елеусіз болды.

## **25 Есепті күннен кейінгі оқиғалар**

### **Несилер мен қарыздарды өтеу**

2023 жылғы қаңтарда Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 6,114 мың АҚШ доллары (2,824,365 мың теңгеге баламалы) мөлшеріндегі қарыздарын, оның ішінде жалпы сомасы 5,937 мың АҚШ долларына (2,742,912 мың теңгеге баламалы) негізгі борышты және жалпы сомасы 177 мың АҚШ долларына (81,453 мың теңгеге баламалы) сыйақыны өтеді.